



ҚАЗАҚ-КОРЕЙ БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЯ БЕРМЕК



Мемлекет басшысы Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы У Вон Шикпен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев У Вон Шиктің Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Төрағасы ретінде Қазақстанға жасаған алғашқы сапары елдеріміз арасындағы тығыз қарым-қатынастардың дәлелі екенін айтты.

Президент Қазақстанның Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі Оңтүстік Кореямен арадағы санқырлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өтті.

Мемлекет басшысы тараптардың парламентаралық ықпалдастықты жандандыру жолындағы күш-жігеріне қолдау білдірді. Бұл – саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайту ісінің маңызды тетігі.

Өз кезегінде У Вон Шик қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, қазақ-корей байланысын барлық бағыт бойынша тереңдетуге дайын екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен У Вон Шик автокөлік құрастыру, энергетика, өнеркәсіп, білім және мәдениет салаларында қазір жүзеге асырылып жатқан және алдағы уақытқа жоспарланған, бірлескен жобалар жөнінде пікір алмасты.

Әңгімелесу барысында барлық деңгейдегі диалогті жалғастырудың, сондай-ақ көпжақты алаңдар аясындағы кездесулердің маңызды екені айтылды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Дастан Адайұлы Рыспеков Ұлытау облысының әкімі лауазымына тағайындалды.

Есімін алты Алаш жатқа білетін, әлемдік деңгейде мойындалған дара тұлға, дарынды суретші Әбілхан Қастеевтің есімі ұлықталды. Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласындағы Көркемөнер галереясының алдына Қазақстанның Халық суретшісінің ескерткіші орнатылды.

ҰЛЫ СУРЕТШІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



→ 8

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЖЕТІМНІҢ КӨЗІ ЖАСТЫ ЕКЕН



Бауыржан Момышұлы «Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш – бала сүю» деген. Халық батырының айтқан көрінісі қазіргі қоғамда басқаша сипат алып барады. Бауыр еті баласын құшағына басудың орнына, «тірі жетім» ететіндер азаяр емес. Оның дәлелі – еліміздегі балалар үйіне түскен бала санының артуы.

→ 6

ЖАСЫЛ ҚУАТТЫҢ ЖАҢА АРНАСЫ



Бүгінде әлем елдері қосымша энергия көздерін табу жолында жан салуда. Еліміз де бұл бағытта ауқымды жобаларды қолға алған. Жамбылдық жас дарын Қанат Тәжіхан қалқымалы күн электр стансасымен дүниежүзін дүр сілкіндірмек.

→ 8

СЫР МЕДИЦИНАСЫ МАМАНҒА МҰҚТАЖ



Соңғы жылдары Сыр медицинасы қарқынды дамып келе жатыр деп ауыз толтырып айтқанымызбен, ауыл-аймақ елді мекендердегі білікті мамандардың тапшылығы сезіледі. Соның салдарынан дертіне шипа іздеген жандар дәрігер таппай, облыс орталығына, ірі қалаларға сенделіп баруға мәжбүр.

Осындай қиындықтың құрсауында қалған алыс ауылдардағы ағайын сан мәрте дабыл қаққанымен, бұл мәселенің түйіні тарқатылар емес. Мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолға алынса да, маман тапшылығын түбегейлі жою мүмкін болмай тұрған сынайлы.

→ 6

АРМИЯДАН АМАН ОРАЛ, БАЛАМ...

Елде әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Биылғы күзде мерзімді әскери борышын өтеуге бұрынғыдан 2 мыңдай көп – 20 мың азамат шақырылады. Алайда әскери міндетін өтеп жүргендер арасындағы өлім-жітім баласын армияға аттандыратын ата-ананы алаңдата бастады. Тіпті, мерзімді әскери міндет өтеуді түбегейлі алып тастауды ұсынғандар да, әскерге шақыруды 18 емес, 20 жастан бастауды алға тартқандар да бар. Петициялар да жарияланып жатыр. Өйткені Қарулы күштерде темірдей тәртіптің сақталатынына сенетіндер қатары азайып кеткен тәрізді. Себебі неде?



(Жалғасы 4-бетте)

10 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБИ

СЕНАТ

ӨРКЕНИЕТТЕР
АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Спикері, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының XXII отырысы өтті. Жиын барысында Съездің ізгі ниет елшілері сайланды, одан кейін Хатшылық отырысының қатысушыларымен екіжақты кездесулер өтті. Ал Жас діни лидерлер форумына қатысқан Сенат Спикері Мемлекет басшысының құттықтау хатын оқып берді.

Бейбітшілік және келісім сарайында ұйымдастырылған кездесуге 19 елден келген дін қызметкерлері мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Аукымды іс-шара түрлі ұлттардың және конфессиялардың ынтымақтастығын көздейтін идеяға табын тірейді. Отырысқа қатысушылар қазіргі сын-қатерлерді бірлесіп еңсеру жөнінде пікір алмасып, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алдағы VIII Съезінің күн тәртібін талқылады. Сондай-ақ жиын барысында Съездің Ізгі ниет елшілері сайланды және дін қызметкерлері жоғары наградалармен марапатталды.

Хатшылық басшысы қазір жаһандық сын-қатерлер бір-бірімен тығыз байланысты екенін, мұндай жағдай олардың ықпалын арттыра түсетінін айтып, бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан өткізіп жатқанын тілге тиек етті.

«Бүгінде біз Таяу Шығыстағы ахуалға аландулымыз. Осы орайда тараптарды бейбіт тұрғындардың құрбан болуынан және жағдайдың одан әрі ұшығуынан сақтану үшін күш қолданудан бас тартуға шақырамыз. Мұндай ахуал келілік, тенсіздік және климаттық дағдарыс сияқты сын-қатерлерді күшейте түсетіні белгілі. Осындай проблемаларды азайту және еңсеру үшін барлық конструктивті күштердің әлеуетін біріктірудің мәні зор. Бұл ретте рухани дипломатияның маңызы артып келе жатқанын атап өткен жөн. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің мақаласында атап өткендей: «Қазір әлемде саяси белгісіздік белең алған жағдайда мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогті арттыру аса маңызды». Сондықтан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі сияқты диалог алаңдарын дамыту айрықша мәнге ие», — деді Съезд Хатшылығының басшысы.

Іс-шара барысында қатысушылар Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Съезді дамытудың 2023–2033 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға және соның аясында қазір басқа да өзекті сын-қатерлерді бірлесіп еңсеруге назар аударды. Сондай-ақ мызғымас рухани және адамгершілік құндылықтарды ілгерілетуге арналған Ізгі ниет елшілері мәртебесі беріліп, оның ережесі белгіленді. Нақты айтқанда, аталған мәртебеге қазақстандық әнші Димаш Құдайбергелі, Вьетнам буддисттік санғанын Бас хатшысы, Аткарушы кеңес төрағасының орынбасары Тхит Дык Тхиен, Иерусалимнің және бүкіл Палестинаның Патриархы III Теофил, Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Абделсалам және Англикан қауымдастығы Бас хатшысының орынбасары Джо Уэллс лайық деп танылды.

Мәулен Әшімбаев отырыс аясында дін көшбасшыларымен және халықаралық ұйымдардың басшыларымен бірқатар екіжақты кездесу өткізді. Онда тараптар Съезді дамытудың 2033 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру бағытындағы перспективалық басымдықтарды белгіледі. Сондай-ақ келесі жылдың қыркүйегінде Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII Съезіне дайындық жоспарын талқылады. Мәселен, Қасиетті Тақтың дінаралық диалогі жөніндегі Дикастериясы Ислам мәселелері бюросының басшысы монсеньор Халед Акашмен кездесуде сұхбаттасушылар Съезд Хатшылығы мен Қасиетті Тақтың жемісті ынтымақтастығына назар аударылса, Қытай буддистер қауымдастығының вице-президенті Чжэн Цзюань кездесуде адамзатты алаңдатқан өзекті проблемаларды шешуде жас дін лидерлерінің әлеуетін тиімді пайдалану мәселесі

әңгімеге арқау болды. Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Абделсаламмен кездесуде Мәулен Әшімбаев мейманды Съездің Ізгі ниет елшісі болып сайлануымен құттықтады.

Келесі күні Астанада «Ортақ болашақ жолында: жас көшбасшылардың дінаралық диалогті нығайтудағы рөлі» тақырыбына арналған алғашқы Жас діни лидерлер форумы өтті. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі аясында ұйымдастырылған іс-шараға әлемнің 30-дан астам елінен келген делегаттар қатысып, қазір өзекті мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын талқылады. Отырыстың нәтижесінде жас дін лидерлерінің бірлескен үндеуі қабылданып, алдағы ортақ жұмыстың басым бағыттары белгіленді. Форумды ашқан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың іс-шараға қатысушыларға жолдаған құттықтауын оқып берді.

Онда Мемлекет басшысы екі жыл бұрын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде оның жұмысын жандандыратын жаңа тәсілдер ойластыруды ұсынғанын атап өткен. Бұл бастаманы делегаттар бірауыздан қолдады. Қазір осы бағытта бірқатар игілікті іс табысты жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі — Жас діни лидерлер форумы.

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өркениеттер үндестігін орнықтырып, бейбітшілік пен келісімді дәріптейтін бірегей диалог алаңы саналады. Осы аса маңызды іске жас буын өкілдерін жұмылдыру — уақыт талабы. Себебі өскелең ұрпақ — қашанда жасампаздық пен жаңашылдықтың жаршысы. Түрлі елде тұратын жастардың дін саласындағы ынтымақтастығы адамзаттың рухани болашағын айқындауға тікелей әсер етеді. Қазір әлемде геосаяси қайшылықтардың салдарынан түрлі сын-қатер пайда болды. Осы алмағайып кезеңде халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Бұл ретте дін көшбасшылары айрықша рөл атқарады. Ал оған жастардың белсене қатысуы жұмысқа тын серпін берері сөзсіз», — делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Форум жас көшбасшылар арасындағы дінаралық диалогтің бірегей платформасына айналып, қазіргі сын-қатерлерді еңсеру ісінде жастардың күш-жігерін біріктіретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашуды көздейді.

Панельдік сессиялар барысында жас дін көшбасшыларының әлемнің тұрақты дамуындағы рөлі, жаңа технологиялар дәуіріндегі рухани құндылықтар, оның ішінде жасанды интеллекттің сын-қатерлері мен мүмкіндіктері кеңінен талқыланды.

Форум кезінде Қасиетті Тақтың дінаралық диалогі жөніндегі Дикастериясы Ислам мәселелері бюросының басшысы монсеньор Халед Акаше, Мұсылман ақсақалдар кеңесінің Бас хатшысы Мұхаммед Абделсалам, БАӘ Толеранттылық және бейбіт қатар өмір сүру министрлігінің Бас директоры Афра Мұхаммед Әлсабри, Англикан қауымдастығы Бас хатшысының орынбасары Джо Бэйли Уэллс, «Діндер бейбітшілік үшін» үкіметтік емес ұйымы Бас хатшысының орынбасары Дипика Сингх, Тонаф институтының президенті Эммануэль Ганс, «Нұр-Мүбәрак» университетінің проректоры Ершат Оңғар және басқа да жас дін лидерлері сөз сөйледі.

МӘЖІЛІС

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мажарстан Мемлекеттік Жиналысының төрағасы Ласло Кёвердің шақыруымен Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Спикері Ерлан Қошанов бастаған бір топ депутат ресми сапармен Мажарстанға барды. Будапешт қаласында депутаттар Мажарстан президенті Тамаш Шуйокпен және Мажарстан Мемлекеттік Жиналысының төрағасы Ласло Кёвермен кездесті. Сондай-ақ Қарсақ қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді.



Мажарстан президенті Тамаш Шуйокпен жүз-жүз екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастық мәселесі кеңінен талқыланды. Мәжіліс Төрағасы Орталық Еуропадағы бауырлас халық — мажар еліне ерекше ықыласпен келіп отырғанын айтып, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдаған сәлемін жеткізді.

— Мажарстанмен ынтымақтастықты дамыту — Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі. Қазақстан мен Мажарстан арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан бері ынтымақтастығымыз — стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Биыл сол стратегиялық өріптестігімізге 10 жыл толып отыр. Әрине, бұл — көшбасшыларымыздың ерен еңбегінің жемісі, — деді Мәжіліс Спикері.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдары Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды реформалар туралы айтып берді. Соның ішінде 6 қазанда өткен жалпыұлттық референдумға тоқталды.

— Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптасуда. Оның өзегі — барлық маңызды шешімдер қоғаммен бірге талқыланады. Қасым-Жомарт Тоқаев президенттік қызметінің алғашқы күндерінен-ақ осы істі қолға алды. Күні кеше елімізде атом электр стансасын салу мәселесі бойынша жалпыұлттық референдум өтті. Ел болашағына тікелей қатысты болған соң, бұл мәселе жөнінде шешім қабылдауды Мемлекет басшысы халықтың өз еркіне берді. 6 қазанда Қазақстан халқының басым көпшілігі Президенттің бұл бастамасын қолдады. Біз атом өнеркәсібі саласында Мажарстанның тәжірибесі мол екенін білеміз. Осы салада бірлесіп кадр даярлау қолға алынып жатыр. Бұл жұмысты күшейтуге дайынбыз, — деді Мәжіліс Спикері.

Сонан соң Ерлан Қошанов Мажарстан Мемлекеттік Жиналысының төрағасы Ласло Кёвермен кездесіп, парламентаралық қарым-қатынастың қазіргі жай-күйі мен келешегін жан-жақты талқылады.

— Біз үшін Мажарстан — сенімді дос, бауырлас мемлекет және стратегиялық серіктес. Сондықтан

парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Сіздерде де дәл осындай ықылас бар екенін білеміз. Заң шығарушы органдарымызда парламентаралық достық топтары қарқынды жұмыс істеп келеді. Біз халықаралық ұйымдар аясындағы көпжақты форматта да тығыз байланыстамыз. Осы ықпалдастықты одан әрі арттыруға шақырамын, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Сондай-ақ делегация басшысы мажар өріптестеріне Мәжілістің қазіргі заң шығару қызметі жайлы да ақпарат берді.

Кездесу соңында екі ел Парламент басшылары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Мажарстанның Мемлекеттік Жиналысы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Бұл қадам парламентаралық байланысты нығайтуға зор септігін тигізетіні анық.

Сонымен бірге Ерлан Қошанов өріптесі Ласло Кёверді Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Делегация мүшелері Будапешт қаласындағы Астана көшесінде орналасқан Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Мажарстанда оқитын Қазақстан студенттерімен кездесті.

Мәжіліс депутаттарының ресми сапары келесі күні Қарсақ қаласында жалғасты. Ерлан Қошанов ондағы жергілікті тұрғындармен, бауырлас қыпшақтармен кездесу өткізді.

— Біз әрқашан өздеріңізге жаны бір, қаны бір бауырларымыз ретінде қараймыз. Қазақ та, мажар да — Еуразияның Ұлы даласында мекен етіп, салтанат құрған ежелгі ғұндар мен түркілердің, қыпшақтардың мұрагері. Бізді генетикалық тамырымыз ғана емес, екі елге ортақ даңқты тарихымыз, бұзылмас дәстүріміз жалғап жатыр. XXI ғасырда бауырлас халықтар арасындағы байланыс, соның ішінде қазақ-мажар ынтымақтастығы барынша артып келеді. Осы үрдіс бізді қуантады. Ел мен елді қосатын, дәнекер болатын ең алдымен — сіздер мен біздер. Сондықтан бұл миссияны абыроймен атқарамыз деп сенемін, — деді Мәжіліс Спикері.

Сапар аясында делегация мүшелері Қарсақ қаласында екі елдің ажырамас туыстығы мен мызғымас достығының белгісі ретінде «Домбыра» мүсінінің ашылуына қатысып, мәдени орындарға барды.

РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматыдағы Ядролық физика институтында Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша республикалық референдум қорытындылары бойынша сараптамалық талқылау өтті.

Талқылауға Ядролық физика институты бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Евгений Ермаков, Алматы қаласы мәліхатының депутаты Жандос Надилов, «Байтак» жасыл партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Аскар Иманалиев, «AMANAT» партиясы Медеу аудандық филиалының төрағасы Азат Ажиманов, институттың профессорлық-оқытушылық құрамы және атом ғылымына маманданған ғалымдар қатысты.

Кездесу барысында Орталық сайлау комиссиясы ұсынған дауыс беру нәтижелері талқыланды. ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіровтың айтуынша, референдумға 7 820 204 адам қатысты, бұл дауыс беруге құқығы бар азаматтардың жалпы санының 63,66% құрады. Оның 71,12% немесе 5 миллион 561 мың 937 адам атом электр стансасының құрылысын қолдады.

Іс-шараға қатысушылар атом электр стансасының негізгі артықшылықтарын, оның экономикалық тиімділігін, энергиямен қамтамасыз етудің тұрақтылығын, экологиялық тазалығын мен қауіпсіздігін талқылады. Ғалымдардың айтуынша, атом энергетикасы объектілерін салу кезінде қауіпсіздік мәселесі әрқашан бірінші орында тұр. Қазақстандағы АЭС жобасы барлық халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келеді.

«Референдум қорытындысы азаматтардың атом электр стансасын салу идеясының кеңінен мақұлдағанын көрсетеді. АЭС Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оның экономикалық тәуелсіздігін нығайту үшін маңызды элемент болады. Бүгінде болашақ атом электр стансасының қауіпсіздігі біздің абсолютті басымдығымыз екенін тағы да атап өту маңызды. Жоба қоршаған орта үшін де, халық үшін де қауіпсіздіктің барынша жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең заманауи технологиялар мен халықаралық стандарттарды қолдана отырып іске асырылатын болады», — деп қосты Евгений Ермаков.

Қатысушылар сондай-ақ өткізілген референдумның маңыздылығын атап өтіп, оның елдің саяси мәдениетін дамытудағы маңыздылығын атап өтті.

«Референдум азаматтардың негізгі мемлекеттік шешімдерді қабылдауға қатысуға дайын екендігін көрсетті. АЭС құрылысын қолдау халықтың энергетикалық саясат және елдің болашақ дамуы мәселелері бойынша хабардар болуының жоғары деңгейі туралы айтады. Қазақстандықтар олардың дамуға мүдделі ғана емес, сондай-ақ осындай стратегиялық шешімдердің ұзақмерзімді салдарын түсінетінін көрсетті. Әрбір қазақстандықтың дауыс беруге қатысуы біздің азаматтық қоғамымызды және елдің демократиялық институттарын нығайтады. Бұл мемлекет өз азаматтарын қалай естітетінін және олардың үміттеріне жауап беретінінің мысалы», — деп атап өтті депутат Жандос Надилов.

Қорытындылай келе, қатысушылар АЭС жобасын табысты іске асыру Қазақстанға өсіп келе жатқан энергетикалық қажеттіліктерді қанағаттандыруға және тұрақты дамуға үлес қосуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ЗАҢЫ ЕКІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚАБЫЛДАНДЫ

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады.

Нұрлан ҚОСАЙ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатымен сот жүйесін реформалау және процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Бірінші оқылымда мақұлдағаннан кейін түзетулерге біршама өзгеріс енгізілді. Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежанна Имашеваның айтуынша, кассациялық қадағалауды жетілдіруге қатысты нормалар қайта қаралған.

«Биыл 5 шілдеде Мемлекет басшысы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша тәуелсіз кассациялық соттар құруды көздейтін Конституциялық заңға қол қойды. Ол 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енеді. Осыған байланысты сот ісін жүргізудің барлық түрі бойынша кассациялық сотқа жүгінудің және сот актілерін қайта қараудың бірінші қағидаларын енгізу ұсынылып отыр. Істер кассациялық соттарда алдын ала қаралмастан, үш судьядан тұратын алқаға тікелей жіберілетін болады. Кассациялық соттың істерді қарау мерзімі алты айдан аспайды. Сот процесі тараптар шақырыла отырып, ауызша жүргізіледі», — деді С.Имашева.

Сонымен бірге кассацияға қатысты қолданыстағы шектеулер 2027 жылы 1 шілдеден бастап алынып тасталады. Азаматтық істер бойынша талап қою сомасы 200 АЕК-тен төмен жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 мың АЕК-тен төмен заңды тұлғалардың мүлкікті мүддесіне байланысты даулар бойынша шектеулер, теріс қылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар жөніндегі шектеулер алынып тасталады.

Сондай-ақ Жоғарғы Соттың рөлі өзгереді. Оның негізгі мақсаты — сот тәжірибесін нақтылау және біркелкілігін қамтамасыз ету болады.

«Сот актілері ерекше жағдайларда Жоғарғы Сот судьясының ұсынысы немесе Бас прокурордың наразылығы бойынша Жоғарғы Сотта қайта қаралуы мүмкін. Мұндай жағдайларға мыналар жатады: сот практикасы біркелкілігінің бұзылу жағдайы, мемлекет немесе қоғам мүддесін қозғайтын жағдай, қабылданған сот актілері айқындалмаған тұлғалар тобының құқығын бұзатын не адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін орны толмас ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін жағдай және тағы басқалар», — деді С.Имашева.

Дауыс беру қорытындысы бойынша, депутаттар заңды екінші оқылымда



қабылдап, одан әрі Сенаттың қарауына жолдады.

Мәжіліс сондай-ақ 2023 жылы 12 желтоқсанда Дохада қол қойылған Қазақстан мен Қатар үкіметтері арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялады. Құжат бойынша Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев баяндама жасады.

«Қатар — араб әлеміндегі еліміздің маңызды саяси және экономикалық серіктесі. Оған қоса, әскери ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары бар. Келісімді ратификациялау тараптарға әскери білім беру, ғылым, әскери медицина және басқа да өзара келісілген салаларда әскери ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді», — деді Қорғаныс вице-министрі.

Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан қосымша баяндамасында әскери саладағы мәдени-спорттық іс-шаралар, бейбітшілікті сақтау, жауынгерлік даярлық және өзге де салаларға байланысты мәселелер бойынша консультациялар өткізу көзделгенін айтты.



Бұдан бөлек, бүгін Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Қазақстан мен Қатар арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алды.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық тақырыптар бойынша мемлекеттік

органдарға 18 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, Жанарбек Әшімжанов Премьер-Министр мен Бас прокурорға жолдаған депутаттық сауалында қоғамдағы кейбір жастардың шалыс қаламынан үрейленетінін айтты.

«Өкінішке қарай, соңғы уақыттарда қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған тұлғаларға тас атып, мансұқтап, бағытынан адасып жүрген жастарымыздың қатары көбейіп барады. Ұлы Абайды — қришайт, Сәкенді — сатқын, Мұстафаны — қашқын, Әлиханды — жөйіт, Жыр алыбы Жамбылды — «туфли жалағыш», Шәмшіні «араккеш» деп, батырларымызды — байғұс, тұлғаларымызды тулақ етіп жатқан мысалдар аз емес. Жақында әлеуметтік желіде бір желөкпенің ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы бабамыздың бейнесін бас салып тоқпақтап, жұдырықтап жатқанын көріп жанымыздан түңілдік. Ұлттың Арын жарты шөлмең шапарқа, намысын бүтін нанға сататын, көңілін ит жалаған, ниетіне қасқыр шапқан замандастарымыздың қатары көбейіп бара жатқаны қынжылтады. Ал күні кеше надандық пен топастықтың қиылысқан нүктесінен бұр жарған жас бала қазақ

дану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кетеді. Мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан жана заманның жасы-жаманын екішеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет!» — деген болатын. Ендеше елдің ертеңін сеніп тапсыратын ұрпақ қалыптастырамыз десек, үкіметтік деңгейде жеделдетіп Ұлттық құндылықтар жүйесіне арналған мемлекеттік Бағдарлама әзірлеу қажет. Балабақшаларда, мектептерде, оқу-ағарту бағытында бұлжымас ұлттық тәрбие мен патриоттық іс-қимыл шараларын жүзеге асырылуы тиіс. Үкімет ұлтымыздың ұлы тұлғаларына тіл тигізуге, қорлауға жол бермейтін шараларды заңдық құндылықтарымызды қастерлей аламыз.

Келесі депутаттық сауал да қоғам кеселі болып отырған проблемаға арналды. Үкімет басшысы Олжас Бектеновке сауал жолдаған депутат Ринат Зайтов қазақ жастарын азғындытап, болашағымыздың тамырына балта шапқысы келетін әлемдік деңгейдегі жауыз ұйым — ЛГБТ мен феминизм туралы мәселе көтерді.

«Аталған ұйым өңірлерді аралап, көмелетке толмаған ұл-қыздарымызға өз насихаттарын ашық жүргізгенде, Алматының көшелерінде өрімдей жастарды жинап алып митинг өткізгенде де, ашық сұхбаттарда басқасын былай қойып, тіпті 2 аптада 50 мыңнан астам қол жинаған Бағида Балғабаеваның бастамасымен жазылған петицияға да дабыл қағып, әрқайсысына 11 Мәжіліс депутаты қол қойып, сауал жолдағанда да құқық қорғау органдары саусақ қозғалтқан жоқ. Осыдан кейін еш жазаға тартылмасына көзі жеткен азғындар күні кеше Алматыда Құрылтай өткізетінін ашық хабарлады. Әлмисақтан ел мен жердің, ұлыс пен ұлттың тағдыры талқыланатын құрылтай деген қастерлі ұғымды осынша төмендеткенде біз неге қарап қалуымыз керек?!» — деп ашынған ол Премьер-Министрден Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Әкстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31 заңының 1-ба-

бына сәйкес, феминита қауымдас-тығына Қазақстан Республикасының аумағында шектеу қоюды және ЛГБТ-ны насихаттауға толықтай тыйым салуды талап етті.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Нартай Сәрсенғалиев Бас прокурор, Ішкі істер министрі, Оқу-ағарту министріне жолдаған сауалында Алматы облысы Талғар ауданында болған оқиғаны ашына жеткізді.

«Қоғамды қамықтыратыны сол, соңғы уақытта жасөспірімдердің бір-бірін аяусыз соққыға жығуы, қорлауы, ең сорақысы, арты өлімге апаратын қайғылы жайттар жиілеп кетті. Телеарнаны қосып қалғанда, газет бетін ашып қалғанда, радионы басып қалғанда азаматтар бірі-бірін ұрды, соқты деген ақпараттан көз ашпайтын болдық. Кеше ғана Талғардағы дүкенде болған жағдай есімізді екеу, түсімізді төртеу қылды. Талғардағы тексіздердің тентектігінен 16 жасар бала, бір әулеттің аймандай азаматы Шерзат көз жұмды. Әкесі мен бауыры соққыға жығылды. Баланың ажалына не себеп деген сұрақ туады. Сондағысы — бір бөтелке алкоголь. Қазақ: «Арақпен достастық дегенше, адамгершілікпен қоштастым де» дейді. Ішкіштің өзі адамгершілігімен қоштасып қана қоймай, кінәсіз кісілердің өмірінен қоштасуына себеп болғаны қатты қапаландырады. Осындайда біздің қоғам қауіпсіз бе өзі, заң кімнің жағында деген сұрақ туады. Себебі Шерзаттың әкесі тергеудің тұралап тұрғанын, аудандағы құзырлы орын өкілдерінің істі созбаққа салып жатқанын, қылмыскерді қойып баласынан айырылған отбасын түнде тергеуге шақырып алып өктем сөйлегенін айтып, бейнеүндеу жасады. Ел өре түрегелді, артынша «істі ПМ-і өз бақылауына алды» деген ақпарат таралды. Қоғамды қорқытатыны — осы, қылмыскерді жазалау үшін, әділдікке жету үшін бейнеүндеу жасап әр істі бір министрдің бақылауға алғанын күтіп отыру керек пе? Неге жергілікті жердегі құқық қорғау орындары дереу істің ақ-қарасын анықтап, әділ тергеу өткізбейді?!» — деді ол.

Өз сөзінде Талғардан да өзге өңірлердегі оқиғаларды тілге тиек еткен депутат сауалын қорытындылай келе, келесідей ұсыныстар берді.

1. Алматы облысы Талғар ауданында 16 жасар азаматты өлтірген, жақындарын аяусыз сабаған қылмыскерлер қамауға алынып, оларға заңға сәйкес әділ жаза берілуі тиіс.

2. Аталған іс бойынша барлық құқық қорғау органдары тізе қосып, оқиғаның заңды құқықтық бағасын тез арада беруі қажет.

3. Білім беру ұйымдарында «Құқық негіздері» атты пән бар. Бірақ оның сапасына қатысты сын көп. Аталған пәннің бағдарламасын қайта жасап, балалар өмірде бетпе-бет келетін жайттар мен өмірден алынған нақты кейстерге сүйеніп оқыту керек.

4. Мемлекет басшысы ұсынған Заң мен Түртің қағидаатына сүйене отырып, елдегі құқық қорғау жүйесіне, полицияға деген халық сенімін күшейту, қоғам көзқарасын өзгерту бойынша жалпы-мемлекеттік деңгейде кешенді шаралар қабылдау қажет. Ол үшін халыққа адал қызмет ету керек, адал қызмет болмаса, сенім болмайды, ал сенімсіз атқарылған істің бәрі ашкетіні әмбеге аян. Осынша ұмытпайық!

ПІКІР



Erkebulan АМАНФОЦОВ,
Мемлекет тарихы институты
Ғылыми-ақпарат бөлімінің басшысы:

РЕФЕРЕНДУМ — ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БІРДЕН-БІР ТЕТІГІ

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы №2592 «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңының 1-бабына сәйкес «Республикалық референдум — Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру» болып табылады. Бұл — халықтың ой-пікірін ескере отырып саяси шешім қабылдаудың, тікелей демократияның бірден-бір тетігі. Демократия — қандай да бір нәтиже емес, күнделікті түрде дәлелдеуді талап ететін «тар дәліздегі» үздіксіз процесс. Оны әртүрлі мемлекеттің даму барысынан байқауға болады. Ұзақмерзімді саяси шешімге қоғамның тартылуы жана саяси мәдениеттің қалыптасуымен байланысты, яғни ел азаматтарының басым көпшілігі АЭС құрылысына «иә» деген жауап бере отырып, болашаққа деген ортақ жауапкершілікпен бөлісті. «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» тұжырымы жария саясатпен байланысты. Бұл жерде «тар дәліз» ұғымын белгілі экономистер Д.Аджемоглу мен Дж. Робинсонның The Narrow Corridor: States, Societies, and the Fate of Liberty атты еңбегіне сүйеніп отырмын.



Erbolat ҚОЯНБАЕВ,
«Ұлттық ядролық орталық»
материалтану зерттеулері
жөніндегі директордың
орынбасары:

АЭС-тің ЭКОЛОГИЯҒА ЗИЯНЫ ЖОҚ

Болашақта осы атом энергетикасының жақсы дамуы климатқа жақсы әсерін тигізеді, көмірқышқыл газдың бөліну әсері азаяды. Сонымен қатар энергетикалық тәуелсіздікке барамыз. Өйткені ядролық отын Қазақстанның өзінде шығады ғой. Өзімізде шығып жатқан отынды пайдаланып, пайдалы қазбаларды тиімді қолдануға қадам жасаймыз. Бұл жоғары технологиялық сала болғандықтан, болашақ ұрпағымыздың интеллектуалды жағынан дамуына да үлкен серпін болар еді. Көп жердегі талқылауларда, халықпен кездесулерде де айтып жүрміз. АЭС қалыптас жағдайда жұмыс істеген кезде ешқандай экологияға зияны келмейді. Онымен АЭС-ті қолдайтындар да, қолдамайтын-

дар да келіседі. Адамның үрейін тудыратын — авариялық жағдай ғана. Мысалы, Чернобыльдағы, Фукусимадағы, Три-Майл-Айлендтағы ядролық апаттар әлі күнге дейін халықтың есінде. Одан кейін Семейдің сынақ полигоны да көптің есінде қорқыныштың, үреймен сақталған. Бірақ бұлардың дұрыс жағын түсіндіру керек. Мәселен, атом сынақ полигоны мен атом электр стансасы әртүрлі нәрсе. Полигондағы ядролық реакция басқарылмайтын жарылыс. Оған 90 пайыздық байытылған отын керек. Ал АЭС-те мұндай жарылыстың болуы физикалық заңдылық бойынша мүмкін емес. Оған 5 пайыздық байытылған отын ғана пайдаланылады.

Қазақстанда салуға қарастырылып жатқан 3+ буындағы реакторлар жобалау кезінде Чернобыль, Фукусима кезіндегі ауыр авариялардың болу ықтималдығын өте төмен деңгейіне жеткізілген. Мұндай апаттық жағдайдың болуы — онның минус жеті дәрежесі. Яғни, 10 миллион жылда бір оқиға болуы мүмкін. Қауіпсіздік жүйесі қатаң сақталған. 3+ буындағы реакторлар активті де, пассивті де қауіпсіздік жүйеде жұмыс істейді. Пассивті жүйелер — физикалық қағидамен ғана жұмыс істейтін, сырттан энергия көзін талап етпейтін, өздігінен жұмыс істейтін жүйелер. АЭС манайында контур бойынша радиациялық бақылау жүйелері қойылады, мониторинг жүргізіледі.

10 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

А Айхан ШӘРІП

Былтырдан бері медиа кеңістікте әскердегі өлімге қатысты бір ақпарат кезіп жүр. Оны Бас әскери прокуратура таратқан. Прокуратураның ресми мәліметіне қарағанда, 2020-2023 жылдар аралығында Қарулы күштер қатарында қызмет етіп жүрген 270 азамат қайтыс болыпты. 2020 жылы 78 әскери қызметші, 2021 жылы 96, 2022 жылы 85, 2023 жылдың алғашқы айларында 11 әскери қызметші өмірден озған. Әскери қызметкерлер өлімінің 36%-ына ауру-сырқау себеп болса, 24%-ы көлік апаттарынан қайтыс болған. Өзіне қол салғандар үлесі – 20% немесе 54 адам. Былтыр сәуір айында жарияланған осы ақпарат әлі күнге медиа ресурстардан түскен жоқ. Жаңа статистика толық айтылмады. Тек деректердің ішінара ғана өзгергенін байқаймыз. Ал болып жатқан оқиғалар алаңдатарлық деңгейге жетті. Тек биылғы қыркүйектің өзінде әскер қатарында жүрген 5 азамат көз жұмды.

Айталық, 7 қыркүйекте Манғыстаудағы оқу-жаттығу кезінде офицер жас сарбаз Марат Барқұловты тапаншамен атып алды. 12 қыркүйекте Алматыдағы С.Нұрмағамбетов атындағы құрлық әскери институтында 44 жастағы сержанттың денесі табылды. 19 қыркүйекте Аягөздегі 10810 әскери бөлімінде Нұрсұлтан Алдамұратов есімді офицердің мәйіті табылды. Алдын ала «өзіне қол салды» деген уәж айтылған, бірақ тергеу аяқталған жоқ. 21 қыркүйекте Петропавл қаласында келісімшарт бойынша жұмыс істеп жүрген әскери қызметкер қайтыс болды. 28 қыркүйекте Ақтау қаласындағы 51809 әскери бөлімінде Н.Мұханов есімді сержант өзіне қол салыпты.

Одан бөлек, Қарулы күштер қатарындағы қызметін өтеп жүріп, үйіне мүгедек болып оралғандар бар. Ұлттық ұлан қатарында қызмет еткен Ербаян Мұхтардың тағдыры соған дәлел.

Бәлкім, осындай жағдайларды көріп отырғандықтан болар, ата-аналардың әскери қызметке сенімі азайып бара жатқанға ұқсайды. Қарулы күштерде өлім-жіттік жоқ екеніне көздері жетпейді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та биылғы жолдауында бұл мәселеге назар аударған.

«Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуы тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мұлткізсіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты», – деді К.Тоқаев өз Жолдауында.

Ал Мәжіліс депутаттары бейбіт күнде әскерилер арасында өлім-жіттің көбейіп кеткеніне алаңдап, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовқа депутаттық сауал жолдаған еді.

«Жауырды жаба тоқығанмен жара жазылмайды. Оның айғағы – бейбіт күнде сарбаздарымыз түрлі дене жарақатын алып, кейбіреуі қайтыс болуда. Бұл – бір емес, бірнеше рет қайталанған жағдай.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жылдың қорытындысында не оқымайтын, не еңбек етпейтін НЕЕТ жастардың саны 379,3 мың адамға жетті. Бұл елдегі жасы 34-ке жетпеген жастардың 7,1%-ын құрайды. Армия еңбекқорлыққа, тәртіпке, жауапкершілікке, тіпті «тайм-менеджментке» үйрете алады. Сондай-ақ қоғаммен қарым-қатынас жасауына, әлеуметтенуіне көмектеседі

Осының салдарынан айыппұл салмақ түгілі айып тақсаң да ешкім бауыр еті баласын жастар жан тапсырған орта – әскер қатарына жібергісі келмейді. Мәселен, соңғы үш жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер қайтыс болған. Соңғы төрт жылда әскерде 86 суицид тіркелген, 20 әскери адам өзіне қол салуға оқталған. Бұл – әскери прокуратура мәлімдеген ресми сан», – деді «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Н.Сәрсенғалиев.

Депутат Айхан мәліметте суицид деректерінгі 86-ға жеткенін байқаймыз. Өзіне қол салмақ болғандар – 20 адам. Міне, осы деректердің өзі 2023 жылдың сәуірінде бері айтылып жүрген «270»-гін өзгеріп кеткенін көрсетсе керек.

Сонымен бірге депутат өз сауалында әскерде өлім-жіттік бар екенін бірер мысалмен атап өтті. «2023 жылғы тамызда әскери бөлімшелердің бірінде командир әскерге жаңадан келген сарбазды орындықпен ұрып, соққыға жыққан. 2024 жылдың маусым айында Жамбыл облысының бір әскери бөлімшесінде әскерге келгеніне бір-ақ ай болған сарбаз ес-түссіз жансақтау бөліміне түскен. Ал жуырда болған жағдай бүкіл отандасмыздың ашу-ызасын туғызды. Ұлттық ұланның



АРМИЯДАН АМАН ОРАЛ, БАЛАМ...

жауынгер Ербаян Мұхтар басынан алған жарақаттан бес ай бойы ес-түссіз жатты. Жауаптылар болса қашанғыдай жауапкершіліктен жалтарып, «Ербаян дәреханаға құлап, жарақаттанды» дейді. Бірақ бұған сау адамның сенбесі анық», – деген еді Н.Сәрсенғалиев. Сонымен бірге ол Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімшелерде 12 мыңнан астам бейнекамералары бар екенін айтқан уәжіне де тоқталған. «Ондағы жазбалар қайда? Әлде Ербаян секілді бауырларымыз жарақат алғанда әлгі камералар теріс қарап қалды ма? Әскердегі өлім-жіттік мәселесін партия 2022 жылы көтерген болатын. Алайда жағдай түзеліп түгілі, ушығып кетті десе де болады. Сарбаздардың армияда жарақат алып, қайтыс болуы тоқтар емес», – деді. Бұл дегенінді, бұрынғылар ұстаздарға қарата айтатын «еті – сенікі, сүйегі – менікі» дейтін ұғым армияға тура мағынада айтылатын деңгейге келіп қалғанын көрсетеді.

КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНА ОРТАҚ МӘСЕЛЕ

Бірден айтайық, «әскер» деген сөз бұқара тиісті форма киегін азаматтар жұмыс істейтін құрылымдарды өзара ажыратып жатпайды. Армия, шекара қызметі, Ұлттық ұлан, Мемлекеттік күзет қызметі деп бөліп-жарып отырмайды. Өйткені мерзімді әскери борышын өтеуге шақырылатын азаматтар бірден «армияға кеттік» дейді. Ал іс жүзінде әскер қатарына шақырылған азаматтар түрлі күш құрылымдарында борышын өтейді. Келісімшарт бойынша жұмыс істейтіндер де солай. Офицерлер де. Бірақ депутаттар мен қоғам белсенділерінің, медияның сауалдарына әдетте Қорғаныс министрлігі жауап береді де,

құрылымдарда тіркелді, оған біздің еш қатысымыз жоқ, – деді Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Бақытбек Сыдықов.

Адам өліміне соқтырған өзге 130 оқиға Төтенше жағдайлар министрлігінде, Шекара қызметінде, Ұлттық ұланда және Мемлекеттік күзет қызметінде болған.

Сонымен қатар Бақытбек Сапарбекұлы депутаттық сауалда айтылған «әскерде 86 суицид болды» деген ақпаратты нақтылады: бұл фактілер де барлық күштік құрылымға тиесілі. Соның ішінде кейінгі 4 жылда Қарулы күштерде 40 суицид оқиғасы тіркелген. 2021 жылы – 10, 2022 жылы – 7, 2023 жылы – 12, 2024 жылы – 11 оқиға. Санаттар бойынша төрт жылда 7 офицер, 22 келісімшарт бойынша әскери қызметші, 4 курсант (кадет) өзіне-өзі қол салған. 4 жылда мерзімді әскери қызметке шақырылған 7 жігіт суицид жасады. 2024 жылы бір ғана оқиға тіркелген. Жыл аяқталуға жақын қалғанын ескерсек, мерзімді борышын өтеп жүрген сарбаздар арасында суицидті азайта білген министрлікке «бәрекеді!» деу керек еді. Алайда дәл осы мәліметтің өзі адам өмірінің статистикадан артық құны қалмай бара жатқанын көрсетеді.



теді. Қаза тапқан әскерилерді «офицер, келісімшарт әскери, азаматтық борышын өтеуші» деп бөлудің өзі цифрларды ойнатып, ата-ана «ақырып теңдік сұрай» қалса, жалтары үшін жасаған амалдай көрінеді. Дегенмен Қорғаныс министрлігінің мәселені ашық талқылаудан қашпайтыны қуантады. Өйтпесе, өлім-жіттік белгілері мен суицидке Шекара қызметі, Ұлттық ұлан қатарлы күш құрылымдарының бәрінде де бар. Себебі әскери қызмет қоғамның айнасы. Мектептегі қыздар төбелесіп, жасөспірімдер бір-бірін бопсалап, сабап, пышақтап, қылмысты романтика деп санап жүрген қоғамда абарлық келенсіздік армияда ғана болады деудің өзі қисынсыз.

Әлбетте, әскердегі өлім-жіттік, суицид қатарлы мәселелерді сөз еткенде, мұндай келенсіздіктерді жоюға бағытталған қадамдарды атап өтуге әділетсіздік болар еді. Қорғаныс министрінің орынбасары Б.Сыдықов әрбір заңсыз әрекет мұқият тексерілетінін айтады.

– Біз өзімізге жүктелген міндеттерді орындаудан және жауапкершіліктен қашпаймыз. Барлық оқиға бойынша себептері мен мән-жайларын анықтай отырып, егжей-тегжейлі қызметтік тексерулер жүргізіледі. Кінәлі адамдарға қатысты қатан шара қолданылып, жағдайды жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізілді. Өз тарапымыздан, бір де бір құқыққа қайшы әрекеттер тексерісіз және алдын алу шараларын қабылдаусыз қалмайтынына сендіргіміз келеді, – деді Б.Сыдықов.

Оның айтуынша, ведомство басшылығы сарбаздарды қазармалық бұзақылықтан оқшаулау және жергілікті жерлерде әскери тәртіпті қамтамасыз ету үшін мүмкін болатын барлық шараны қабылдап жатыр. Нәтижесінде, жылдан жылға қылмыстар, соның ішінде жарғыдан тыс қатынастар

және орны толмас шығындар азая бастаған. Ресми мәліметке сәйкес, соңғы үш жылда Қарулы күштерде жарғыдан тыс қатынастардан туындайтын қылмыстардың саны 43%-ға немесе 40-тан 23 дерекке дейін кеміген. Мерзімді әскери қызметшілер арасындағы суицид 67%-ға азайып, 2023 жылғы 3-тен 2024 жылы 1 фактіге дейін төмендеген. Осыған орай әскерилер ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеу, қазақ елін болашақта армиясыз қалдырмау үшін бұл мәселеде хайп қумай, байбаламмен емес, байшплен қарауға, тек фактімен сөйлеген жөн деп отыр.

МӘСЕЛЕНІ ЖАСЫРҒАННАН КӨРІ, ОНЫ ШЕШКЕН ДҰРЫС

Психиатр маман Меруерт Баталованың айтуынша, мұрты енді ғана тебіндеп шыққан бозбалалар әскерде тұлға болып қалыптасудың кезекті бір кезеңінен өтеді.

– Мен де баламды 19 жасында әскерге жібердім, есейіп оралды. Бұрын өміріндегі барлық сөзсіздігі үшін ата-анасын айыптауға дайын тұратын. Бар кінәні әкесі екеуміздің «дұрыс тәрбие» бермеуімізден іздейтін. Жұмыстан қол тимей, балама тиісті көңіл бөле алмағаным өзімді кінәлі сезінетінмін.

Ол баласынан тәртібі қожыраған әскери бөлімдерде лудомания, нашакорлық, маскүнемдік проблемалары бар екені туралы әңгіме естіпті. Қарулы күштер де қоғамның бір бөлшегі. Статистика бойынша, әскерге шақырылғандардың 90%-ға дейінгісі армияға шейін спирттік ішімдіктерді татып көрген. Соған әуестенгендері әскерде де сол жаман әдетін жалғастыруға талаптануы мүмкін. Сондықтан проблеманың барын жасыруға емес, онымен күресуге тырысқан жөн.

Бұл ретте Қорғаныс министрлігі құқықбұзушылықтардың алдын алу үшін ішкі және ведомстваралық бағдарламалар әзірленгенін, ондағы талаптарды орындауға бағытталған кешенді шаралар қабылданып жатқанын мәлімдеді. Әскери қызметшілердің арасында құқықбұзушылықтардың, өлім-жіттіктің, өлім-жіттің, жарақаттардың алдын алудың іс-әрекет алгоритмдері қолданылады.

Қарулы күштерде «Отбасымен бейне-қоңырау» сервисі іске қосылды. Сарбаздар аптасына 2 рет ата-анасымен видеобайланыс арқылы тілдесе алады.

– Қазақстан Қарулы күштері Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әскери қызмет кезінде сарбаздардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жан-жақты іс-шараларын қабылдап жатыр. Біріншіден, болашақ сарбазды әскери дайындыққа жібермес бұрын оларға қауіпсіздік шаралары түсіндіріледі. Екіншіден, әскери қызметшілердің жүріс-тұрысына онлайн-бақылау жасау үшін қызметтік үй-жайлар, соның ішінде қазармалар, жатын-үй бөлмелері видеокамералармен жабықталды, ол үшін штаттық оператор лауазымдары енгізілген. Барлық әскери бөлімде 12 мыңнан астам бейнекамера бар, – деді Қорғаныс министрлігінің ресми өкілі Руслан Жангулин.

Үшіншіден, әр бөлімшеде дербес жауап беретін офицер тағайындалды. Арнайы WhatsApp, Телеграм чаттарда ата-аналар тікелей әскери басшылармен тілдесіп, өзін және әскери қызметтегі баласын толғандырған сұрақтарын офицерге қоя алады. Сардарлар мен қарапайым сарбаздарға арналған роталық чаттар ашылған.

– Жақында «Отбасымен бейнеқоңырау» сервисін іске қостық. Енді аптасына екі рет әскери борышын өтеп жүрген сарбаз ата-анасымен бейнебайланыс арқылы тілдесе алады. Ол үшін бізде арнайы бөлме жабықталып, қажетті құралдар сатып алынды. Сонымен қатар әскери бөлімшелерде психологтар жұмыс істейді, олар үнемі анонимді сауалнамалар жүргізеді, – деді Руслан Жангулин.

Мұның сыртында, әскерлерде ұдайы негізде профилактикалық онкүндік, акция, айлық, анонимді сауалнамалар, психологиялық тренингтер, мамандардың солдаттардың дене-мүшелерін қарап тексеруі енгізілді. «Ойынқұмарлыққа жол жоқ», «Мен лудоман емеспін» сияқты айлықтар, әртүрлі тренингтер, дөңгелек үстелдер және басқа да профилактикалық іс-шаралар өткізіледі. Министрлік бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатынына сендірді. Сондықтан ата-аналар балаларын еш қорықпастан, Отан алдындағы әскери борышын өтеуге жібере алады.

730 МЫҢ ЖАСТЫҢ

20 МЫҢҒА ҒАНА АЛЫНАДЫ

Айта кету керек, биылғы күзгі әскерге шақыру науқаны барысында Қазақстан армиясы мен күш құрылымдарының қатары 20 мыңнан астам сарбазбен толығады. Бұрынғы жылдары бұл сан 18 мыңның айналасында болатын. Ел Президентінің 2024 жылғы 1 ақпандағы Жарлығына сәйкес күзгі шақыру 1 қыркүйекте басталды, 30 желтоқсанға дейін жалғасады. Оның барысында жергілікті әкімдер орынбасарларының төрағалық етуімен, 195 калалық және аудандық әскерге шақыру комиссиясы мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға негіздері жоқ 18 жастан 27 жасқа дейінгі азаматтар арасынан шақырылатындарды іріктеп алады.

«2024 жылғы күзгі шақыру барысында Қарулы күштердің бөлімшелері – 9 933, Ұлттық ұлан – 6 822, ҰҚК Шекара қызметі – 3 200, ТЖМ – 317 және Мемлекеттік күзет қызметі 290 жас сарбазбен жасакталады. Шақырылған жастардың бәрі әскерге алынбайды, іріктеу біршама қатан өтпек. Себебі тұтастай алғанда Қазақстанда жасы бойынша әскерге жарамды ер азаматтардың саны 730 мыңнан асады. Соның ішінде 120 мыңы әскерге дайын. Олардың арасынан 40 мыңын шақырамыз», – деді ҚР Қарулы күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті бастығының орынбасары Фархат Айдарбаев.

Олардың жеке істерін зерделеу барысында отбасы құрамы, әскери қызмет өткереуіне жарамдылық санаты, білімі, мамандығы назарға алынады, сондай-ақ жеке ісі қаралып, әңгімелесу өткізіледі. Осылайша, армиядағы оқыс оқиғалар мөлшерін азайтудың амалдары жасалып жатыр. Бірақ армия деген – бір ғана құрылым емес, тұтас институт. Сондықтан әскердегі оқыс жағдайларға барлық құрылымдардың бірдей жауап беріп, тиісті шешімдерді тізе қоса отырып қабылдағаны нәтиже беруі мүмкін. Өйтпесе, түрлі әскери бөлімшеде жігіттеріміздің көзіне «сіктің тұтқасы тиіп», біреуі «тегіс жерде сүрінгеннен» жаралануы азая қоймас, сірә.

БАЛА – БАҚЫТ, БАЛА – БАЙЛЫҚ

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндіктер беру арқылы әділетті мемлекетті құратынымызды айтқан болатын. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті: «Біз – ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз. Мен бұл туралы өзімнің сайлауалды бағдарламамда айттым. Қазақстанда ешкімнің құқығы шектелмеуі керек», – деп нақты атап көрсетті.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

«AMANAT» партиясы әлеуметтік әділдікті заң жүзінде бекітіп, іс жүзінде қалпына келтіруге кірісті. Қоғамның инклюзивті болуын қамтып, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолайлы орта түзуде «Кедергісіз келешек» жобасын іске асыруды қолға алды. Партияның осы жобасы аясында бүгін Түркістан қаласындағы «Түркістан Арена» стадионында балаларға арналған «Тең мүмкіндіктер» инклюзивтік спорт фестивалі болып өтті.

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Әйелдер қанатының бастамасымен ұйымдастырылып өткізілген фестивальге облыс әкімінің бірқатар басқармалары қолдау көрсетті. Фестивальдің ашылу салтанатында партия филиалы Әйелдер қанатының кеңесшісі, атқарушы хатшысының орынбасары, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Қалыйма Жантөреева, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев сөз алып, белсенді өмір салтын ұстануға бекінген балақайларға берекелі жеңіс жолын тілеп, жарыстан үздік шығуларына тілектестіктерін жеткізді.

«Басты құндылығымыз – адам деп белгілеген қоғамымызда, балалар – біздің басты байлығымыз. Бала жанын анандан артық кім ұғады? Облыстық партия филиалының Әйелдер қанатының бастамасымен өтіп жатқан фестивальге 100-ден астам ерекше күтімді қажет ететін балалар қатысуда. Біз осы іс-шараны өткізу арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіруді мақсат тұттық. Балалар арасында өзара бауырластықты, достықты, сыйластықты арттыруды көздедік. Жеткіншектеріміздің әлеуметтік белсенділігін қамтуды, өзіне деген сенімін нығайтуды, спортқа және физикалық жаттығуларға бейім боп өсуін көздедік. Бастамамызды өткізуге қолдау білдірген Түркістан облысы әкімінің орынбасарларына және олар жетекшілік ететін басқармалардың басшыларына, партия филиалы жанындағы отбасы және әлеуметтік қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің өкілдеріне, іс-шараның өтуіне ұйытқы болған білім, мәдениет және спорт ұйымдарының басшыларына, балаларының жетістіктеріне үлкен үміт артып келген ата-аналарға, мұғалімдерге, жаттықтырушыларға іс-шараны ұйымдастыру комитеті атынан алғысымды білдіремін», – делі Қалыйма Жантөреқызы.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты, партия

Орталық аппаратының Саяси жұмыс департаменті, партияның Саяси менеджмент академиясы, «Тең мүмкіндіктер әлемі» республикалық қоғамдық қоры әзірлеген фестиваль ережесі бойынша, оған қатысушылар 3 негізгі спорт алаңында өзара жарысқа түсті.

№1-ші алаң «Бочча» деп аталып, боччадан инклюзиялық командалық жарыстар өтті. Бочча паралимпиадалық спорт түрлеріне жатады, оған қимыл-тірек аппаратының және менталдық бұзылыстары бар жас спортшылар қатысты.

№2-ші алаң «Біз жеңімпаз боламыз!» деп аталып, оған қатысушылар арасында инклюзиялық командалық эстафетасы өтті. Эстафеталық жарыстар 4 кезеңді құрап, оған қатысушы балалар сызық бойынша жүгіру, шеңбер ішінен өтіп, қолына шеңбер ұстап жүгіру, доппен жүгіру, оны аяқпен домалату, кедергілерден жылдам өту тапсырмаларын орындады.

№3-ші алаң «Жеңіл атлетика» деп аталып, команда ойыншылары 50, 100, 200 м қашықтыққа жүгіруден жарысты.

Жарысқа кіші санат бойынша: 3-5 сынып оқушылары, аға санат бойынша: 6-8 сынып оқушылары қатыстырылды.

Фестивальдің Түркістан облысында өтетін кезеңінде Түркістан, Кентау қалалары мен Бәйдібек, Ордабасы, Сауран аудандарынан барлығы 10 команда қатысты. Жарысқа қатысушы әр ауданнан кіші және аға санат бойынша екі командадан қатыстырылды. Фестивальге қатысушылар мен стадионға жиналған көрермендер жарыс нәтижесін асыға күтті.

Жарысқа қазылық еткен төрешілердің шешімімен, бірінші, екінші және үшінші орындарға лайықты деп танылған жеңімпаз командаларға арнайы кубокты, жеңімпаздар медальдарын және дипломдарын Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы Әйелдер қанатының кеңесшісі Қалыйма Жантөреева, Түркістан облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсия Темірбаева, Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жазира Мүслімова, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы отбасы және әлеуметтік қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Ғалымжан Елшібай, «Армандар орындалады» қайырымдылық жобасының үйлестірушісі Әсел Бимырзаева табыстады.



САЛАНЫҢ СОРЫ – СОЛҚЫЛДАҚ ЗАҢ



Теріскейде ежелден бері қазақтың басты дауларының бірі – жер мәселесінің айналасында шу басылар емес. Ауылдағы ағайын алақандай ғана жайылым жердің жоқтығын айтып шырылдайды. Мал бағудың өзі сарыуайым болған ауылдардың ащы зарын осыған дейін де бірнеше мәрте жазғанбыз. Бұл жолы жермен тікелей айналысып, егін егіп, мал бағып, пайдасын сол маңдағы елі де, өздері де көріп келген шаруалардың шымбайына батқан жайды оқырман назарына ұсынбақпыз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Кезінде жергілікті әкімдіктермен іс жүзінде бөлініп берілген жер учаскелері арада бірнеше жыл өткенде «зансыз» болып шыға келген. Бұл уақытта сол жерді өбден тынайтып, шаруасын дөңгелетіп, малын көбейтіп, мидай жазық далаға жылжытайлар мен қоймаларға дейін салып алған шаруалар сотты болып, алған жерін мемлекетке кері қайтаруға мәжбүр болған. Содан іс жүзінде тек екі жыл ішінде ғана ақмолалық 180 аграрлық шаруашылық жер учаскелерін айырылып, тақыр-таза қалып отыр...

Жер үлестерінің мемлекетке сот шешімдері арқылы кері қайтаруына Ақмола облысының Жер ресурстарын басқару жөніндегі департаменттің талап арыздары негіз болған. Тексеріс нәтижелері туралы өз нұсқауларына сәйкес, мемлекеттік орган осыған дейін аудандық және қалалық жер қатынастары бөлімдерінің жер учаскелерін уақытша тегін пайдалану және жер учаскелерін жалға алу келісімшарттарын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыз берген.

Мәселен, Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының өңдірісінде Біржан сал ауданы жер қатынастары бөлімінің «Нұралин» шаруа қожалығының басшысы Асылбек Нұралинге жер учаскесін жалға алу келісімшартын жарамсыз деп тану туралы талап арыз бар. Жерді 50 жылға жуық уақытқа сонау 2015 жылғы шаруашылыққа мал шаруашылығын жүргізу үшін жалға берілген. Осы уақыт ішінде фермер ауданның бас сәулетшісімен бизнес-жобасын жасап үлкен жұмыс жүргізген. Үлкен мал қоралары баздарына арналған ғимараттар салып, қызметкерлер үшін үй тұрғызған. Барлық коммуникациялар өткізіліп, көліктер, арнайы ауылшаруашылық құралдары мен техникалар, 25 бас жылқы, 20 бас асыл-тұқымды қара мал және 65 бас қой-ешкі сатып алған.

– Жайылым жерлердің деградациясын болдырмау үшін мен учаскенің аумағы бойынша қоршау жасадым. Соның арқасында осы уақытқа дейін карантиндік нормаларды сақтап, жылқы, қара мал мен қой-ешкінің санын айтарлықтай ұлғайттым. Сонымен қатар жер учаскесінің шекарасында орналасқан су қоймасының дамбасын нығайттым. Экожүйені үнемі қадағалап отырамын. Кәсіптік балықты да өсіре бастадым, – дейді фермер.

Шаруа қожалығында осы жылдар ішінде жана жұмыс орындары құрылған. Тек өз міндеттемесін ғана емес шаруа қожалығы ауыл тұрғындарының өмірі үшін қолайлы жағдай жасай бастаған.

Дегенмен 2022 жылдың тамызында ауылдық округ әкімдігі қызметкерлерінің тұрғындармен кездесуі кезінде жерді ортақ пайдалануға қайтару туралы ұсыныс түскен. Шаруа қожалығы ерікті түрде мемлекет меншігіне жалға алынған жер учаскесінің бір бөлігі, яғни 180 гектарын қайтаруға келіскен. Қалған 120 гектарды өзі қолға алған мал шаруашылығын жалғастыру үшін қалдырған.

Бұл әрекет аудан әкімдігімен тиісті келісімдермен бекітіліп, жерге орналастыру жобалары әзірленіп, жер учаскесіне заңды актілер рәсімделген. Келісімшарт Енбекшілер ауданы әкімінің 2015 жылдың 1 шілдесіндегі №А-7/138 қаулысымен және осыған дейінгі жалдау келісімшартының жалғасы ретінде жасалған. Жер учаскесінің тек сәйкестендіру сипаттамасы ғана өзгерген. Ал жалға алу мерзімі, жер учаскесінің ауданы, конфигурация, жерді пайдалану құқығының өзі қайта ұсынылмаған. Яғни, бұл алғашқы құқық ұсыну болмағандықтан конкуре бойынша шара өткізудің қажеттілігі болмаған.

Біржан сал ауданы әкімдігінің 2023 жылдың 17 сәуіріндегі №а-4/86 қаулысымен жер учаскесін жалға алу келісімшартын бұзу туралы келісім негізінде жер қорға, яғни мемлекет меншігіне кері қайтарылған. Бұл орайда іс жүзінде мемлекет меншігіне кері қайтарылған жер учаскесінің көлемі осыған дейін айтылғаннан едәуір көбірек болғанын атап өткен жөн. Яғни, шаруа

180 гектардың орнына 199 гектар қайтарған. Алайда биыл аудандық жер қатынастары бөлімі фермерде қалған 101 гектар жер учаскесін жер кодексінің 48-бабының 1-тармағына сүйеніп даулауға шешім қабылдаған. Шаруаның басы шым-шытырық шырғауға ілініп, даудың арты тым шиеленісіп кеткенін Ақмола облысының кәсіпкерлер палатасы да жеткізді.

– Бір атап өтерлігі, мемлекеттік орган тарапынан шаруаның атына ешқандай алдын ала нұсқау немесе хабарлама түспеген. Біржан сал ауданы жер қатынастары бөлімінің позициясы біз түсіне алмадық. Өйткені ол өзінің осыған дейін қабылдаған шешімдерінің күшін жойып, жерді пайдаланушыны сотқа беріп отыр. Бұл жағдай мемлекеттік органның бөлімінің жұмысын реттемелейтін ережені бұзып, жоғары тұрған құрылымдардың алдында есептің төртбі мен талап қою мерзімінен тыс өз білгенін жасағанын көрсетеді, – дейді Ақмола облысының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестің төрайымы Валентина Герашенко.

Жер қатынастары бөлімі мұнымен қоса шаруа қожалығының құрылуы кезінде қомақты қаражаттың, уақыттың, басқа да шығындардың жұмсалғаны да назарға алмаған. Барлық құрылыс материалдары, техникалар мен жабдықтар, сонымен қатар құрылысшылардың жалақысы мен құқық



беруші құжаттарды бірнеше мәрте қайта рәсімдеу де шаруа қожалығының есебінен алынған. Кәсіпкерлік палатасындағылар бұл орайда Президент Жолдауында айтқан мәселелердің де назардан тыс қалды деп есептейді.

– Соңғы Жолдауында Қасым-Жомарт Тоқаев: «Егер жерді заңды бұза отырып алып әрі пайдаланбаса, онда ол жер мемлекетке жеңілдетілген рәсіммен кері қайтаруға тиіс. Бірақ егер жерді пайдаланушы адал жұмыс істеп, инвестиция салса онда қолданыстағы өндірісті бұзуға болмайды. Мұнда ауыл адамдарының тұрақты жұмыспен қамтылуын ауылдың абаттандырылуы бойынша жұмыстың қолға алынғаны ескерілгені жөн» деп атап өткен еді. Мемлекеттік органның әрекеті кәсіпкерлікті дамытудың негіз болатын принциптеріне және Мемлекет басшысының қойған ауылды жерлерді дамыту жөніндегі міндеттеріне қарама-қайшы келеді деп санаймын. Мұндағы жағдай Президенттің Жолдауындағы тағы бір маңызды шартқа сай келеді: «Олардың заңды қызметіне кедергі келтір осыдан шығатын барлық салдармен өте үлкен құқықбұзушылық деп қарастырылуға тиіс», – деп атап өтті Валентина Герашенко.

Түйткілді мәселе Ақмола облысының Кәсіпкерлер палатасындағы бірінші есеп күнінде талқыға түсті. Облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпанның қатысуымен өткен шара барысында бақылау және қадағалау органдары дәстүрлі түрде бизнес алдында жүргізілген жұмыстары туралы есеп берді. Тексерістер барысында анықталған заңбұзушылықтар туралы айтып, сонымен қатар заңнамадағы міндетті талаптар, жанадан енгізілген өзгерістер жайлы ақпараттандырды.

Жиын барысында облыстық мемлекеттік Сәулет және құрылысты бақылау басқармасының басшысы Бахидбек Оспанбековтің, Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Ергали Шоринның баяндамалары тыңдалды. Көтерілген

мәселелердің ішіндегі ең өзектісі де сол жер мәселесі жайлы болды. Әсіресе, мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді мемлекетке қайтарып алудың айналасында көтерілген даудың түйіні тым шиеленісіп кеткен. Мәселен, жиын барысында тағы бір мәрте көтерілген «АСКОП» ЖШС жиырма жылға жуық уақыт астық өсірумен және тұқым шаруашылығымен айналысып келеді. Компания тұрақты негізде барлық аграрлық шараларды жүргізіп, өз міндеттемелерінің бәрін адал орындап, жалақының жоғары, яғни республика бойынша орташа жалақыдан 30,6 пайызға көп деңгейін сақтаған. Мұнымен қоса, шаруашылық соңғы жылдары ғана 16 миллиард теңгеден астам инвестиция құйып, бюджетке аударымдары өткен жылы 1 миллиард теңгеден асып жығылған.

Алайда соңғы екі жылда «АСКОП» ЖШС да Қорғалжын ауданы жер қатынастары бөлімінің тарапынан қысымға ұшырап, 2 700 гектардан астам жер учаскесіне заңды құқыққа қол жеткізе алмай келеді.

– Өкінішке қарай, Жер кодексінің 43-бабын мемлекеттік органдардың жөнсіз түсіндіруінен біз жер учаскелерінің айырылу мәселесіне тап болдық. Бұл өңірде болып жатқан жүйелі мәселеге айналды. Бүгінде облыстың екі жүзге тарта агробизнес субъектілері осындай қиындықтарға тап болып отыр. Осыған дейін кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдармен сотқа дейінгі реттеуе келдік. Бірақ тексерістер қорытындысы бойынша, жер конкурстан тыс берілген болып шықты. Біздің тарапта ешқандай қозғалысты көрмейміз. Өкініштісі, сол жылдар бойы жұмыс істеген адал субъектілердің жер учаскелері тартып алынып жатқанда, пайдаланылмай құрай басып жатқан жерлерге ешкім де тиіспейді, – дейді «АСКОП» ЖШС басшысы Николай Степаненко.

Жиын барысында сөз сөйлеген Ергали Шориннің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жерлерді тәркілеу бойынша бұрынғы комиссияның жұмыс форматы мен атауы ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне арналған жерлерді қайта бөлу, сонымен қатар жер ресурстарының тиімді пайдалануды бақылау жөніндегі республикалық комиссия болып өзгертілген. Барлық мүдделі органдар кіретін комиссия агробизнесінің адал және жосықсыз субъектілерінің тізімін жүргізетін болады. Салық төлемін, өңірде тиісті ауылшаруашылық жерлерін дамыту және инвестиция тартуды қамтамасыз еткен ауыл шаруашылығы өндірісінің жағымды портретін ескере отырып, арнайы комиссия жергілікті жерлерде ауыл шаруашылығы өндірісінің құқықтарын жалғастыру мәселелерін реттеу мәселесімен айналысатын болады.



«Жер қатынастары – өте нәзік сала. Бұл даулы мәселелер құқықтық алаң шеңберінде болмаса, басқаша шешілмейді. Қазір арнайы комиссияның жұмыс алгоритмі жетілдіріліп жатыр. Расында да, адал бизнес зардап шегіп жатыр. Сіздер меншік иелері ретінде заңды бұза отырып, кезінде жерді берген лауазымды тұлғалардың әрекетіне жауапкершілік артпайсыздар. Біз жақын арада комиссия құрып, мәселені заңмен бекітілген тәртіпте шешімін табуға тырысамыз», – деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары Мұрат Балпан.

Бұл орайда адал кәсіпкерлерді басқектеп тұншықтыру әрекеттерінің соңғы кезде көбейіп жатқанын облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры да атап өтіп, түйткілді мәселені негізсіз қажеттілік айтты.

– Адал кәсіпкерлерді негізсіз тексерістер мен қудалаудан қорғау Мемлекет басшысының экономиканы либералдау, экономикалық құқықбұзушылықтарды қылмыс деп танымау және оған мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың заңсыз араласуына жол бермеу – соңғы Жарлығына сәйкес келетін біздің ортақ міндетіміз, – делі Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Ерқанат Мұсылманбек.

P.S.

Қалай дегенмен де, жер дауының айналасында шешімін таппаған, бір-біріне қайшы келетін жайттар әлі де болса жетіп артылады. Бұл орайда заңның солқылдақтығы мен шікілігінің де тигізіп жатқан кері ықпалы аса зор. Сондықтан даулы мәселелердің алдын алу және жер берумен байланысты заңсыздықтарды реттеу үшін бірінші кезекте заңды тағы бір мәрте қарастырып, одан кейін өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын жолды тез арада анықтау қажет деген ойдамыз...

10 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Соңғы жылдары Сыр медицинасы қарқынды дамып келе жатыр деп ауыз толтырып айтқанымызбен, ауыл-аймақ елді мекендерде білікті мамандардың тапшылығы сезіледі. Соның салдарынан дертіне шипа іздеген жандар дәрігер таппай, облыс орталығына, ірі қалаларға сенделіп баруға мәжбүр.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Осындай қиындықтың құрсауында қалған алыс ауылдардағы ағайын сан мерзімді дабыл қаққанымен, бұл мәселенің түйіні тарқатылар емес. Мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолға алынса да, маман тапшылығын түбегейлі жою мүмкін болмай тұрған сынайлы.

Алыстағы ауылдар мен аудан орталықтарын айтамыз-ау, арагидік мұндай келенсіздік облыс орталығындағы емдеу мекемелерінде де қытып көрініп қалып жатады. Мәселен, бірнеше ай бұрын облыс орталығындағы медициналық емдеу мекемесінде маман тапшылығы бар екені жайында шу шықты. Атап айтқанда, қаладағы «Сенім» емханасында бала дәрігері мен хирург маманының жетіспеушілігі болып, әлеуметтік желіде дау туғызғаны ел есінде. Сол уақытта бұған дейін жоғары деңгейде қызмет көрсеткен емхана құрылтайшысы ауысқаннан бастап емдеу мекемесінің жұмыс сапасы төмендеп кеткені сөз болды. Соған сәйкес, медициналық мекеме тарапынан кадр тапшылығы қыспаққа алып тұрғанын жоққа шығармай, түйткілдік түйінін тарқатудың тиімді тетіктері қарастырылып жатқанын алға тартқан болатын.

Негізінен, медицина саласының білікті маманға мұқтаждығы кешелі-бүгін туындаған мәселе емес. Еліміз бойынша бұл келенсіздік көп жылдан бері шешімін таппай, қордаланып тұр.

Кей деректерге сәйкес, былтырдың өзінде еліміз бойынша медицина сала-

СЫР МЕДИЦИНАСЫ МАМАНҒА МҰҚТАЖ



сындағы мамандықтардың бөлінісінде 787 — анестезиолог-реаниматологтар, 291 — акушер-гинекологтар, 304 — педиатрлар, 104 — неонатологтар, 65 — балалар инфекционисттері, 51 — балалар невропатологтары сынды көптеген кадр тапшылығы болып тұрғаны жайында мәлімет тарайды. Нақтысы ел аумағында 7 606 орта медициналық персонал жетіспеушілігі сезілсе, оның ішінде 6 468 маман калаларда, 1 138 маман ауылдарда тапшы екені айтылып қалды.

Бұл көрсеткіште Қызылорда облысының да үлесі жоқ емес. Халықтың пікіріне сәйкес, әсіресе алыс ауылдарда жыл сайын жаңадан медпункттер салынып, ел игілігіне пайдалануға берілгенімен, онда ем-дом жүргізетін маман тапшылығы жиі сезіліп жатады. Сондай-ақ облыс ау-

мағында гастронолог, гематолог, вирусолог, инфекциолог, эпилептолог, невролог, гостроэнтеролог сынды дәрігер мамандардың аздығы халық тарапынан жиі сөз болып жүр. Бұдан өзге, жоғарыда айтып өткеніміздей, дефектолог, невролог, хирург сияқты дәрігерлердің тапшылығына тап болып жататын сәттер де жиі болып тұрады.

Бүгінде облыс орталығының өзінде Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасы, облыстық балалар ауруханасы, теміржол ауруханасы, онкология орталығы, перинаталды орталық, Қызылорда қалалық көпсалалы ауруханасы мен көптеген емхана тұрғындарға медициналық көмек көрсетуге негізделген. Мұнан өзге аудандарда орталық ауруханалар, ауылдарда медициналық пункттер және

Байқоңыр қаласында облыстық көпбейінді ауруханасының филиалы жұмыс істейді. Алайда бұл емдеу мекемелерінің барлығында маман тапшылығы бір бүйірден тартып тұрады. Дейтұрғанмен, дертіне дауа іздеп сабылған жандардың жанайқайын ескеріп, құзырлы орындар бұл түйткілдік түйінін тарқатуға неге құлықсыздық танытып келе жатқанын халық түсінбей дал.

Осы орайда кадр тапшылығы төнірегінде Қызылорда облыстық Денсаулық сақтау басқармасынан сұрап көрдік. Басқарма тарапынан облыс аумағында маман тапшылығына қатысты мәселе бар екені жасырмады. Бұл келенсіздікті қалыпқа келтіру мақсатында кезең-кезеңімен тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын алға тартты.

ЖЕТІМНІҢ КӨЗІ ЖАСТЫ ЕКЕН

Бауыржан Момышұлы «Адам өміріндегі ең үлкен қуаныш – бала сүю» деген. Халық батырының айтқан көрінісі қазіргі қоғамда басқаша сипат алып барады. Бауыр еті баласын құшағына басудың орнына, «тірі жетім» ететіндер азаяр емес. Оның дәлелі – еліміздегі балалар үйіне түскен бала санының артуы. Соңғы 3 жылда балалар үйінің саны 21 мекемеге азайғаны жақсы жаңалық болғанымен, биыл ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала саны тағы да өсті. Қазір елімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 22 мыңға жуық бала бар. Ал мұндай балалар үшін 115 мекеме жұмыс істеп тұр.

А **Сымбат**
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Балалар үйін азайту мақсатында кәсіби патронат тәрбиешілер институтын енгізу стратегиясы әзірленген еді. Осылайша, балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан баланы патронат отбасы өз қамқорлығына ала алады. Десе де, балалар үйіндегі бала санының көбеюі нақты шешімін таппай келеді. Ата-ананың сол шешімі баланың тағдырын шешеді. Сенаторлар кенесінің мүшесі, қоғам қайраткері Динар Нұқатаева мұндай өзекті мәселенің өршуін ата-ана жауапкершілігінің азайып, ұлттық тәрбиенің құлдырауымен байланыстырды.

«Жүрегімізге бататыны, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 21 387-ден астам баланың 80 пайыздан көбі қазақтың қара домалақтары, қалған 4 пайызы басқа ұлт өкілдері екен. Ата-бабамыздан қалған баланың 96 пайызы ата-анасынан айрылған бала екен», — дейді Д.Нұқатаева. Баланы балалар үйіне тапсыруға бел буғандар қандай да бір себеппен жауапкершіліктен қашатыны анық. Динар Нұқатаеваның айтуынша, ол бірнеше жағдайға негізделген. Мәселен, дүниеге келген баланың денсаулығында ауру белгілерінің болуы, жоспарланбаған жүк-

тіліктің салдарынан немесе әлеуметтік жағдайдың нашарлығынан қаншама бала отбасында емес, «бөтен» жерде тәрбиеленіп жатыр.

«Соңғы статистикалық көрсеткіште 8 796 бала аутист болып туыпты. Әлемдік көрсеткіште бұлардың саны бұрыннан өте көп. Аутизм белгілері байқалған балаларға физикалық, психологиялық, эмоционалдық көмек берілуі керек. Олар шағын орталықтарда жүзеге асырылады. Ондайда ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі артып, тәрбиесіне, денсаулығына байланысты түрлі жұмыс атқаруы керек. Бірақ ата-ана оған салғырт қарап, балаларын балалар үйіне тапсырып жатыр деген ойдамын. Тағы бір себеп, патронаттық тәрбиеге алып, кейін қайтадан мемлекет тәрбиесіне өткізетін отбасылар бар. Сондықтан балалар үйіндегі сандық көрсеткіш өзгеріп тұрған шығар.

Одан кейін қазір ажырасу мәселесі де өте көп және бойдақтар саны артып келеді. Кейбірінің көтерген шаңырағы ұзаққа бармай, шайқалып жатыр. Азаматтық неке деген де бар. Міне, осындай жағдайда туған баланы біріне-бірі сілтеп, ақыр соңында балалар үйіне тапсыруға шешім қабылдайды. Мұның бәрі ұлттық тәрбиенің, ұлттық сананың, жауапкершіліктің, мәдениеттің құлдырауынан болып отырған жағдай. Әр баланың болашағы былай болады деп кесіп айту мүмкін емес. Сондықтан балалар үйінде өсіп, ЖОО-да білім алып, әлеуметтік жағдайы жақсарған балалар да бар, әлеуметтендірілмей, зорлық-зомбылыққа ұшырағандары да кездеседі. Дегенмен патронат отбасында жақсы тәрбие алып жатқандары да көп. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексті талқылап, оған өзгерістер мен толықты-

рулар енгізетін кезде, шетелдік тәжірибелерді қарадық, АҚШ-тың бірнеше штатында болдық. Сол кезде байқағаным баланы балалар үйіне өткізу өте қиын екен. Ақырғы уақытқа дейін ата-анаға ойын өзгерту үшін үгіт-насихат айтылып, балалар үйіне өткізбеу үшін барлық жұмыс істелді екен. Әлеуметтік педагогтер, психологтер, тіпті көршілер мен қоғам болып жұмыла көмек көрсетеді. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның бірі қазақ балаларын бұрын шетелдіктер де асырап алып, шекара асырып әкететін еді. Қазір балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан баланы тек қазақстандық отбасы ғана өз тәрбиесіне ала алады. Ата-ана баланы асырап алғаннан кейінгі істеріне заң талаптарын қатандату керек деп ойлаймын. Өйткені қазір үйлену де, үй болу да оңай болып кетті. Осының бәрі оңай болған жерде заң талаптары қатал болса екен деген ойым бар», — деді Сенаторлар кенесінің мүшесі.

Соңғы уақыттағы балалар үйіндегі бала санының артқанымен Астанадағы Х балалар үйінің тәрбиешісі Айгүл Мынжасар (аты өзгертілді) да келісетінін айтты. Оның айтуынша, өзі 4 жылдан бері жұмыс істеп жүрген балалар үйіне аптасына анасы бас тартқан 3-4 бала келеді екен.

«Бізге тек ата-анасы бас тартқан балалар ғана емес, балабақша үлгісіндегі топтарға келетін балалар да бар. Сондықтан біздің мекемеге түсетін балалардың барлығы дерлік тастанды деуге келмейді. Себебі анасы немесе әкесі баласын 1 айдан 12 айға дейін уақытша қалдыра алады. Балалар біздің мекемеге әртүрлі себеппен түседі (анасы бас тартқан жағдайда немесе уақытша,



кейбір ата-аналар ішімдік ішіп немесе ұрған жағдайда, қараусыз қалдырып кеткен жағдайларда). Түсетін бала саны әр жылда өртүрлі. 2020 жылы аптасына 2 баладан түсетін. Соңғы 3 жылда бұл көрсеткіш азайды. Бірақ биыл тағы да артып отыр. Ата-анасы балаға күш көрсеткенде, қараусыз қалдырса маскүнем немесе нашакор болса олар ата-ана құқығынан шектеледі немесе айырылады. Осы себептен де балалар жиі түсіп жатады. Патронат тәрбиесіндегі балаларға қамқоршы және қорғаншы орган жауапты.

Мекемеде тәрбиеленіп жатқан баланы патронат отбасылар өз қамқорлығына алады. Асырап алушылар көп жағдайда тек ақша төленетініне қызығып алып жатады. Шын ниетімен алатындарды аз деп айтар едім. Бірақ олар баланы өз отбасына алып кеткеннен кейін міндетті түрде бала жағдайынан хабар беру үшін фотосурет жіберіп тұрады, әр жылдың соңында мекеме қызметкерлері сол отбасының үйіне барып баланың жағдайын тексеріп қайтады. Баланы тапсыратындар көбіне

«Емдеу орындарындағы маман тапшылығына қатысты олқылықты еңсеруде бірнеше бағыт бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, медицина қызметкерлеріне сапалы жұмыс істеуіне жағдай туғызу үшін барлық аудандық аурухана мен емхана жаңадан салынып, халық игілігіне пайдалануға беріліп келеді. Соған орай маман жетіспеушілігі мәселесін түбегейлі жою мақсатында жалпы тәжірибелік дәрігерлерді даярлауға Қызылорда облысы әкімінің 147 гранты, сондай-ақ бұйынды мамандарды резидентурада даярлауға 156 грант бөлініп, жергілікті бюджеттен қаржыландырылды. Бұл жайт медицина ұйымдарын акушер-гинекологтармен, неонатологтармен, анестезиолог-реаниматологтармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар жалпытәжірибелік дәрігерлер 2025 жылдан бастап бітіре бастайды. Осы арқылы саланы аймақтық дәрігерлермен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін болады. Бұдан өзге былтырғы жылдан бастап, 4 аудандық аурухана көпбейінді болып қайта құрылуына байланысты оған қажетті нейрохирург, ангиохирург, рентгенолог және УДД дәрігерлер даярлануда. Сол сияқты жергілікті бюджеттен аса тапшы мамандарға бірмезеттік көтермеақы жыл сайын 20 маманға ЖБ есебінен 500 АЕК көлемінде беріліп, қазір 99 жас маман қамтылды. Осы орайда тағы бір айта кететін жайт, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті және С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университетімен басқарма арасында меморандум жасалып, жас мамандарды тарту, жұмысқа тұрғызу және тұрақтандыру шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылуда», — деп түсіндірді бұл жайында Қызылорда облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Осылайша, басқарма тарапынан, өңірде өршіп тұрған маман тапшылығын еңсеру бағытында атқарылып жатқан шаралардың нәтижесін көретін күн алыс емесін алға тартады. Бұл тұрғыда қазірдің өзінде кейбір мамандарға деген мұқтаждық азая бастағанын айтып отыр.

Ал емханалардың есігін тоздырып, дертіне шипа беретін дәрігер таппай, Алматы мен Астана қалаларында сенделіп жүрген халықтың жалғыз талабы бар. Қоғамның медицина мамандарына мұқтаждығы жедел шешілгенін қалайды.

қиын өмірлік жағдайын алға тартады. Бірінің тұратын пәтері болмаса, енді бірі жұмыссыз. Мұндайда баланы уақытша мерзімге өткізеді. Әлеуметтік жағдайын жақсартып алған соң, қажетті құжаттарды жинап қайта алып кетеді. Әлеуметтік қызметкерлер баланың құжаты болмаған жағдайда керекті құжаттарын қайта алып, ата-анасын, туыстарын іздейді және Отбасы банктен шот ашып береді. Мені жиі алаңдатын сұрақ: балалар үйінде өскен баланың болашағы қандай болмақ? Ол балалар үйінен шыққан соң қалай оқуға түседі, оған мемлекет ақша төлей ме, оқуға грант бөліне ме деген сұрақ мені де жиі мазалайды», — дейді мекеме қызметкері.

Ұлттың болашағы — балалар. Ал олар отбасында емес, тәрбиені «бөтен» жерден алса, әке мен ананың мейіріне бөленіп өспесе ел тағдыры не болмақ? Бұл бір кісі алаңдап, бір кісі шешетін мәселе емес. Әр ата-ана өзіне артылған жауапкершіліктен қашпай, бүлдіршіндердің көзінен жас тамбаса екен.

АЙМАҚ

10 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

ДАМУ

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРЕР ЖОБА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында жыл сайын ұлттық қордың инвестициялардан түскен табысының 50 пайызы көмелеттік жасқа толмаған балалардың жинақтау шоттарына аударылады. Биылғы ақпан айынан бастап қазақстандықтар алғашқы төлемдерін ала бастады. Қор қаржысы тұрғын үй жағдайын жақсартуға, сондай-ақ балалардың білім ақысын төлеуге бағытталады. Қазақстандықтар қаржыны алу үшін нысаналы жинақтарды пайдалану бойынша уәкілетті оператор ретінде тіркелген банктерге өтініш беруі қажет.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Айта кетсек, тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі уәкілетті оператор ретінде «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ белгіленген, ал білім алуға арналған нысаналы жинақтарды 2 уәкілетті оператор – «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «Қазақстан Халық банкі» АҚ арқылы пайдалануға болады.

Сондай-ақ жалпы «Ұлттық қор – балаларға» жобасының операторы ретінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры белгіленді. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының мәліметіне сүйенсек, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асырудың жеті айында, яғни 2024 жылдың I тамызындағы жағдай бойынша зейнетақы қоры жалпы көлемі 1,7 миллиард АҚШ долларына 16 мың 891 өтінімі қауапты орындалды. Яғни, белгіленген қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды.


МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ БАЛА ҚОР ҚАРЖЫСЫН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ

Түркістан облысы білім басқармасының хабарлауынша, өңірде 18 жасқа дейінгі 964 мың 676 бала бар. Биыл оның 41 мың 841-і көмелеттік жасқа толады. Осы ретте Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Түркістан облысынан Ұлттық қордың қаржысын тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалануға 608 өтініш келіп түсіпті. Оның ішінде 485 баланың банктік шотына жалпы көлемі 48 мың 474,05 АҚШ доллары аударылған. Ал қаржыны білім алу үшін пайдалануға Түркістан облысының 453 тұрғынынан өтініш келіп түссе, оның ішінде 296 баланың банктік шотына 29 мың 592,13 АҚШ доллары көлемінде ақша аударылған. Жалпы, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша ең көп өтініш Түркістан облысынан келіп түскен.

Одан бөлек, Мемлекет басшысы Түркістан облысына келген іс сапары барысында «Түркістан облысы – еліміздегі халық ең тығыз қоныстанған аймақ. Мұнда 2 миллионнан астам адам тұрады. Әлеуметтік саладағы бастамалар әр азаматтың тұрмысына өзгеріс әкеледі. Облыста апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектептер әлі де бар. Мемлекет бұл мәселені шешуге барынша күш салады. Себебі еліміздің әрбір 7-ші сәбиі осы өңірде дүниеге келеді. Оларға сапалы білім ордаларын салып, жағдай жасау – маңызды міндеттің бірі», – деп атап өткен болатын. Сонымен қатар «Біз жалынды жастарға өмірде өзінің лайықты орнын табуға жағдай жасаймыз». «Мен «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағ-

рындағы қаржыларын толық пайдаланып, қазірден болашағын жоспарлай алады.

Бүгінде Түркістан облысында болашағынан мол үміт күтетін жастар өсіп келеді. Жуырда ұстаздар күніне арналған салтанатты жиында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды айрықша еңбегімен көзге түскен ұстазды ерекше марапаттады. Шәкірті 42 елдің оқу орындарынан шақырту алған «Түркістан Білім-инновация» лицейінің география пәнінің мұғалімі Бастама Арғын Ержанұлына облыстың атын елімізден бөлек, әлемге танытқан ерен еңбегі үшін көлік кілтін табыстады. Оның шәкірті Ислам Әбдірахманов қазір АҚШ-та оқып жатыр. Бұдан бөлек, оқушылары республикалық олимпиаданың жеңімпаздары болған, өзі іскер,



дарлама қабылдауды ұсындым. Біз қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының тең жартысын балалардың есепшотына аударатын боламыз. Бұл қаржыны олар көмелет жасына толғаннан кейін баспанаға немесе білім алуға жұмсай алады. Осы шешім ұлттық табысты әділ бөлу қағидатына сай келеді деп есептеймін. Аталған шаралардың бәрі өскелең ұрпақтың болашағына арналады» деген-ді.

Мемлекет басшысының осынау сөзі жастарға жігер берді. Бұйырса, түркістандық жастар да көмелет жасқа толғанда «Ұлттық қор – балаларға» қор-

белсенді, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері Төлеби ауданы Қосан Мамытов атындағы мектебінің биология және Финляндия елдерінде арнайы халықаралық оқу курстарына барып, біліктіліктерін арттырды. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Облыста 419 мектеп асханасы жеке инвесторлармен жаңғырту жобасы іске асырылды. Сонымен қатар биыл 300-ден астам білім беру мекемелері жөндеуден өткізілді», – дейді Ғалымжан Сұлтанбекұлы.

Одан бөлек, өңірде 29 жайлы мектеп құрылысы жүруде. Сондай-ақ облыстық



мен 85 мыңнан астам ұстаз айналысып отырғанын атап өтті.

БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫНА ЕРЕКШЕ КӨНІЛ БӨЛІНГЕН

Атап өтейік, биыл облысымызда білім саласына ерекше көңіл бөлініп отыр. Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлының тапсырмасымен биыл 3,5 млрд тенгеге 265 арнайы пән кабинеттері алынды. Сонымен қатар мектептердегі интернет жылдамдығын ретке келтіру мақсатында 630 млн тенгеге 330 мектепке Starlink құрылғысы орнатылған. Үздік педагогтерді басшылық қызметке конкурссыз тағайындау үшін Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, 150 адамнан тұратын кадрлық резерв жасакталуда.

«Алматыдағы Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетімен республикада алғаш рет біздің облыстың

және арнайы қордың (Білім инфрақұрылымын дамыту қоры) қаржы көздерінен 21 мектеп салынууда.

Биыл облыс колледждерінде 10 жана мамандық ашылып, онда дәріс оқитын оқытушылар мен шеберлер көршілес ТМД мемлекеттерінде, сондай-ақ Германия, Франция, Аустрия, Түркия және Қытайда арнайы халықаралық оқу курстарынан өтіп жатыр.

Білім басқармасының басшысы сонымен бірге облыстың барлық мектептеріне жана оқу жылынан бастап тын инновациялық жобалар енгізілетінін, бұл білім сапасына оң әсер етуі тиістігін жеткізді. «Корей еліндегі IT саласындағы көшбасшы жоғары оқу орны WOOSONG университетімен келіссөздер жүргізілгенін, енді облыс әкімдігі Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен 2025 жылы Түркістан қаласынан WOOSONG университетінің өкілдігін

Бұйырса, түркістандық жастар да көмелет жасқа толғанда «Ұлттық қор – балаларға» қорындағы қаржыларын толық пайдаланып, қазірден болашағын жоспарлай алады.

500-ден аса мектеп директорлары арнайы менеджмент курстарынан өте бастады. Мұғалімдер мен әдіскерлеріміз Жапония, АҚШ, Германия, Франция, Малайзия және Финляндия елдерінде арнайы халықаралық оқу курстарына барып, біліктіліктерін арттырды. Бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Облыста 419 мектеп асханасы жеке инвесторлармен жаңғырту жобасы іске асырылды. Сонымен қатар биыл 300-ден астам білім беру мекемелері жөндеуден өткізілді», – дейді Ғалымжан Сұлтанбекұлы.

Одан бөлек, өңірде 29 жайлы мектеп құрылысы жүруде. Сондай-ақ облыстық

ашатынын мәлімдеді. Онда IT саласы бойынша кәсіби мамандарды даярлайтын болады.

«Балаға дұрыс білім берілмесе, оның экономикалық ауырталығы ел дамуын тежейтін болады. Сондықтан да бала оқыту ісіне жауапкершілікті күшейтіп, нәтиже шығарды деп сенемін! Ол үшін алдымен педагогтердің өзі кәсіби білімді болуы тиіс», – делі Ғалымжан Сұлтанбекұлы.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып отырған осынау балаларға арналған қамқорлықтардың нәтижесінде еліміздің ертеніне сенім мол.

ТҮЙТКІЛ

АЛАЯҚТАР АЙЫЛЫН ЖИЯР ЕМЕС

Алаяқтықтан жапа шеккендердің саны артпаса, азаяр емес. Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 24 қаржылық пирамиданың жолын кескен. Жалпы, алданғандар саны 3 мың адамнан асқан.

А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Атышулы ресейлік әйгілі алаяқ Сергей Мавродидің «МММ» компаниясы тоқырау уақыты 90 жылдары құрылған қаржы пирамидасына 15 миллиард адам ақша салыпты. Олардың арасында қарапайым жұмыскермен қатар жоғары шенді мемлекеттік қызметкер, қылмыс әлемінің серкелері де болған екен. Тіпті, «МММ»-нің акциялары рубльмен қатар айналымға түсіп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндірген де кездер болған.

Кейін әлгі алаяқ ұсталып, ұзақ жылға түрмеге қамалды. Жазасын өтеп шыққан соң «МММ-2», «МММ-3» компанияларын құрады, салымшы жинады. Дегенмен қазақта «ауызы күйген үрлеп ішеді» деген болушы еді. Алайда Мавродидің кеткенімен ізбасарлары жолын жалғастырып, әлі күнге дейін халықты сан соқтыруда.

Мандай терімен тапқанын алаяқтың қолына санап берудің салдарын Қарағанды облысында бірнеше қаржылық пирамиданың өмір сүргенін байқайсың.

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Ернар Махаев:

– Қаржы пирамидасын құру және оның қызметіне басшылық ету – бұл халықтың мүддесі мен құқықтарына, сондай-ақ мемлекеттік биліктің беделіне әсер ететін ең қатерлі қылмыстық құқықбұзушылықтардың бірі. Қаржы пирамидасы – тиімді инвестицияларды имитациялайтын алаяқтық жоба. Қаражат ақша салып қана қоймай, өзімен бірге басқа адамдарды да тартатындардың есебінен

түсіп тұрады. Бұл ретте пирамиданың жоғарғы жағындағылар шынымен табыс таба алады. Ал соңынан келгендер аңғалдықпен ақшаларын салып, алданып қала береді, – дейді.

Бүгінде қаржы пирамидаларын құру мен басқаруға қатысты 12 іс сотқа жолданған. Сондай-ақ интернет-кеңістігінің мониторингін көмегімен қаржылық пирамида белгілері бар бір жарым мыңнан астам сілтеме анықталып, оның 1 187-сі қазірдің өзінде бұғатталған.

Жоғарыда облыстың Экономикалық тергеу департаменті 24 қаржы пирамидасын бейтараптандырды деп айтқан болатынбыз. Олардың қатарында QI Trade Kazakhstan, «Лидер Капитал 168» МҚҰ ЖШС, Finiko, Sincere Systems Group, Business Game интернет жобалары, «Не работа», «Котел» жобалары, «Тендер», Bay Life, Millioner777, Life is Good, «Луч света», The Great Tower, «Рассвет и Миллионеры», «Люкс», «Өзіміз ғой, Арай», Faberlic, «Доверие», Amanat Home, «Елім-ай 2019», GAP, «Табыс» сияқты ұйымдар бар.

Бір ғана жақында соты болған Life is Good қаржылық инвестициялық пирамиданың ұйымдастырушысы 30 салымшының 108 млн 780 мың теңгесін қалтасына басқан.

«Лидер Капитал 168» МҚҰ ЖШС филиалдарын ашып, осы қаржы пирамидасын басқарған И.Яковлева өзінің қылмыстық әрекеттерімен жәбірленушілерге 180 млн тенге көлемінде материалдық залал келтірген.

Ернар Махаевтың айтуынша, дәл осы алаяқ ұйымдарға алданған салымшылар саны үш мыңнан асса, оның бір мыңнан астамы – облыс тұрғындары.

– Биыл қаржы пирамидаларын құрған алаяқтарға қатысты төрт үкім шықты. Атап айтқанда,



«Лидер Капитал» пирамидасын құрған адам 9 жылға, «Тендер» пирамидасы бойынша бес жарым жылға бас бостандығынан айырылды. Ал WhatsApp желісі және Telegram арналары арқылы халықтың ақшасын жинаған екі адамға 3,5 жыл мерзімге бас бостандығын шектеуге үкім шығарылды, – дейді Ернар Махаев.

Ескертуді ескергеннің ұпайы түгел Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті жүргізіліп жатқан жедел іс-шаралармен қатар, профилактикалық жұмыстармен де айналысады. Атап айтқанда, интернет-кеңістікке мониторинг жүргізеді. Мәселен, биыл қаржы пирамидаларының белгілері бар 1 312 сілтеме анық-

талған. Оның 1 097-сі бұғатталса, 137 сілтемемен жұмыс жүргізілуде. Одан бөлек, департамент бұқаралық ақпарат құралдарында да тұрғындарды қаржы пирамидаларына тарту фактілерінің алдын алу бойынша жұмыстар ұйымдастырған.

Айта кету керек, қаржы пирамидасында лицензия болмайды. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қарағанды қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасының бас маманы Наталья Кирсанова заманауи қаржы пирамидалары өздерін табысты ұйым ретінде көрсетіп, өздерін микроқаржы ұйымы, букмекерлік кеңсе, инвестициялық қор, тұтынушы кооперативтеріміз деп жарнамалауы мүмкіндігін айтады.

– Бүгінде қаржы пирамидалары жұмыстарын әлеуметтік желіде белсенді жүргізуде. Танымал мес-

Қаржы пирамидасы – тиімді инвестицияларды имитациялайтын алаяқтық жоба. Қаражат ақша салып қана қоймай, өзімен бірге басқа адамдарды да тартатындардың есебінен түсіп тұрады. Бұл ретте пирамиданың жоғарғы жағындағылар шынымен табыс таба алады.

сенджерлерде чаттар құрып, түрлі ұтыс ойындарымен қызықтырады. Жылдам ақша табумен қызықтыратын алаяқтар қажетті соманы жинап алғаннан соң өз қызметтерін тоқтатып, тұтынушылармен кері байланысты мүлдем үзеді, – дейді Наталья Кирсанова.

Алаяқтықтың тұзағына түспес үшін халыққа айтылып та жатыр, жазылуда. Бірақ, жарнамасы жер жарғандардың арбауына түскендер азаймауда. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы мониторинг агенттігі ұйымдарда қаржылық пирамида белгілері мен алаяқтықты тексеруге бағытталған «Байқа, пирамида!» телеграм-малық ботын да енгізді.

10 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



ЖАСЫЛ ҚУАТТЫҢ

Бүгінде әлем елдері қосымша энергия көздерін табу жолында жан салуда. Еліміз де бұл бағытта ауқымды жобаларды қолға алған. Жамбылдық жас дарын Қанат Тәжіхан қалқымалы күн электр стансасын жасап шықты.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қанат Алтынханұлы бүгінде Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сыныбында тәлім алууда. Жастайынан жанашилдыққа жаны құмар өскен Қанат робототехника, технология, IT, автоматтандыру, жасанды интеллект және инженерия саласына айрықша қызығушылық танытып, оқу-білуге құмар. — 2021 жылдан бастап Назарбаев зияткерлік мектебінде робототехника үйрмесіне қатысып келемін. 7-сыныпта әуелі өзімнің шеберлігімді арттырудан бастадым. Ал 9-сыныпта өз жобамды қолға алдым. Сондай күндердің бірінде Қырғызстан мемлекетімен шекараласатын Жамбылдағы бір ауылдың электр энергиясын көрші елден алатыны, олардың жарықтың ақысын төлеу кезінде киналатындығы және жарық жиі өшіп қалатындығы туралы мәселені құлағым шалып қалды. Жағдайға үнілсем, ол жаққа электр энергиясы желісін жүргізу тиімділігі төмен болғандықтан, ешкім түйткілді түйінін тарката алмапты. Содан аталған елді мекен тұрғындарын Қырғыз елінің қуат көзіне тәуелділіктен арылту мақсатында «Қалқымалы күн стансасы» жобасын қолға алдым, — дейді Қанат Алтынханұлы.

Өнертапқыш өреннің айтуынша, ол жобасын жандандырмақ бұрын Жуалы ауданындағы Вирпоуе Solar күн электр стансасына ат ізін салып, кемшін тұстарын зерделеп алған екен. — Зерделеу барысында күн панелдері күн көзіне дұрыс қарамалытындығын, күн арқашан қозғалыста болатындықтан панелдердің бетін сүртіп, салқындатып тұру қажеттігін, ал шаң-тозаңның кесірінен оның тиімділігі 25-30 пайызға төмендейтінін анықтадым. Аталған күн стансасының қасында су қоймасы орналасқандықтан тұман пайда болып, буланатынын да көрдім. Содан әуелі күннің қозғалу барысын шешу мақсатында күнді бақылау жүйесін, тазалау және салқындату мәселесін назарға алып, автоматтандырылған тазалағыш құрал жаса-

ЖАҢА АРНАСЫ



дым. Сондай-ақ көп энергия өндіру үшін күн панелдерін судың үстіне қойса, олар судан күн сәулелерін шағылыстыру арқылы артық энергия өндіретініне көз жетті. Панельдер судың бетіне қойылғандықтан әрі күн арқашан өзінің траекториясын ауыстырғандықтан, біз тиімді күн трекерін құрап шықтық. Бұған дейін әлем бойынша ешкім осы үш технологияны біріктіріп, қондырғы әзірлемеген. Осыдан кейін біз өзіміздің кішігірім мақетімізді жасап, тәсілеуден өткізіп, түрлі байқауда сынап көрдік, — дейді Қанат Тәжіхан.

қуаттылығы төмен және қанша энергия өндірсе, сонша энергия жұтады екен.

— Бүгінде жасыл энергия — ол ең таза әрі қауіпсіз энергия көзіне жатады. Біз әлі күнге дейін энергияны көмірден алып отырмыз.

Мен Қазақстандағы энергия тапшылығын жасыл энергияның көмегімен шешкім келеді. Оны дамыту арқасында біз атмосфераға парниктік газдың таралуын тоқтатып, климаттың өзгеруін тежейміз. Жаңартылған энергия қоршаған ортаны ластамайды және сарқылмайды. Ал қазба отындар ерте ме, кеш пе таусылады. Сон-

қуздар өз елдеріне шақырту да жіберген.

— Мен жобамды өз елімде жүзеге асырғым келеді. Егер оған демеуші тапсам, біз жасыл энергияны дамытып, толық баламалы энергия көзіне көшкен әлемдегі тұңғыш мемлекет атанар едік. Франция елінен шақырту түскен кезде бармаған себебім де сол. Мен еліміздегі электр қуаты тапшылығы мәселесін шешуге үлесімді қосқым келеді деп санап келеміз. Егер Жасыл энергия жобаларына мемлекет тарапынан шындап қолдау көрсетілсе, толайым табыстарға қол жеткізер едік, — дейді Қанат.

Жоба авторының айтуынша, қалқымалы күн панелдерінің артықшылығы — құрылыны орнату үшін арнайы жер дайындаудың қажеті жоқ. Сондай-ақ оның орнын кез келген уақытта ауыстыра беруге болады.

— Жуалы ауданындағы «Бурное Солар-1», «Бурное Солар-2» деп аталатын күн стансасының панелдері өте көп. Шамамен 300-400 мыңдай. Оларды бүгінде ешкім тазаламайды. Көлемі өте үлкен

ҰЛЫ СУРЕТШІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Есімін алты Алаш жатқа білетін, әлемдік деңгейде мойындалған дара тұлға, дарынды суретші Әбілхан Қастеевтің есімі ұлықталды. Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласындағы Көркемөнер галереясының алдына Қазақстанның Халық суретшісінің ескерткіші орнатылды.



А Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Қоладан құйылған көз-тартарлық мүсін Көркемөнер галереясының ауласын ажарландыра түсті. Осылайша, ұлы тұлғаның 120 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар легі суретшіні сомдаған ескерткіштің шымылдығын түсіріп, алдына гүл шоқтарын қоюдан басталды. Айтулы күнге алыс-жақыннан ат терлетіп келгендер арасында мемлекет және қоғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеев, көрнекті қылақалма шеберінің қызы Гүлдияр Кастеева, Қазақстан Суретшілер одағының басқарма төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, зиялы қауым өкілдері, жалпы облыс жұртшылығы болды. Көпшілік алдына шығып алғашқы құттықтау сөзін айтқан Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев мерейтойлық шаралардың мән-маңызына тоқталды:

— Жетісу — қашанда қасиетті өнердің киелі бесігі болған өркенді де өңгелі өлке. Осы өңірдің төл перзенттерінің бірі де бірегейі Әбілхан атамиз — қазақ халқының кәсіпкері көрнекті суретшісі. Ол сурет өнерінде қарапайым өмір философиясына, ұлттық дүниетанымға арқа сүйеді, сол арқылы туған халқының тарихы мен өмір салтын бейнеледі. Өмір қысқа болғанмен, өнер мәңгілік. Қанша ғасыр өтсе де, Әбілхан Қастеевтің есімі тарихта алтын әріптермен жазылып, суретшінің бай мұрасы елдің асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жете беретіні сөзсіз, — деген өмір басшысы ескерткіштегі суретші бейнесін жеткізу идеясының авторы көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбековке, мүсіншілер Ринат Абенов пен Ербол Зиябековке жетісулықтардың ризашылығын білдірді.

Мұнан соң сөз алған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мырзатай Жолдасбеков:

— Әбілхан Қастеевпен етене араласпаса да тірісінде көзін көрдім. Қой аузынан шөп алмайтын момын кісінің тұлға бойында саф таланттың тұнып жатқаны танқаларлық еді. Ол қазақтың рухын көтерген, ұлтын әлемге танытқан тұлға. Біз мұндай ұлы өнер иелерін қастерлеуіміз керек. Сонда ғана берекелі ел боламыз. Әбілхан аға ешқашан өлмейді, халықтың көкейінде жарқырап қала береді, — деді.

Мерейтойлық шаралар Ә. Қастеевтің туған жері Панфилов ауданы Шежін ауылында суретшілердің республикалық пленэрімен жалғасады. Оған еліміздің 20-ға жуық кәсіби суретшісі қатысып, шара Жаркент қаласындағы Көркемөнер галереясында қатысушылардың еңбектерінің көрмесімен қорытындыланады.

Жас ғалымның 5 жылдық өмірін арнаған тың жобасы The Future Solar Power Plant деп аталады. Ол күн панелінің ерекшелігі — арнайы қалқымалы платформаның көмегімен жердің емес, судың бетіне орнатылады.

Жас ғалымның тың жобасы The Future Solar Power Plant деп аталады. Ол күн панелінің ерекшелігі — арнайы қалқымалы платформаның көмегімен жердің емес, судың бетіне орнатылады. Су бетіндегі стансаның тиімділігі сол — трекер арқылы өзін-өзі тазалап тұратын бағдарламалық жүйесі бар. Қуаттылығы — 6,5 киловатт. Құрылымы қарапайым күн панелдеріне қарағанда 95 пайызға көп электр энергиясын өндіре алады.

Өнертапқыштың бұл жобасы жуырда Алматы облысындағы Түрген ауылында тәжірибеден өткен. Бұған Қанаттың ағасы Минаж Мұхамеджан қолғабыс еткен.

— Қанаттың ойлап тапқан жобасы таңғалдыруда. Жоба былтыр «Тәуелсіздік ұрпақтары — 2023» байқауында 3 миллион тенгелік

дықтан күн көзінен барынша көп энергия өндіріп, оны қолдану жолдарын жақсартуға жан-жақты күш салуымыз қажет, — дейді жас ғалым.

Қанаттың жобасы түрлі байқауда топ жарып, өзінің тиімділігін мойындап отыр. Мәселен, «Тұрақты жол» ұлттық әлеуметтік эконоуканы республикалық сайысында жоба 2 миллион грантты жеңіп алса, Экология министрлігінің тарапынан «Ең үздік экологиялық жоба» аталымына ие болған. Бұдан бөлек, Ingenious project — 2022 халықаралық ғылыми жобалар байқауында I орынды иеленсе, Францияның Париж қаласында ұйымдастырылған The Big Progress халықаралық байқауында да топ жарған. Ал жас таланттың талабын көрген фран-

болғандықтан оны тазалауға мүмкіндік те жоқ шығар. Ал панелдерге күтім жасалмаса, шанның әсерінен күн сәулесін өндіру ықтималдылығы төмендейді. Осы мәселені шешу үшін жобама қосымша автономды тазалағыш құрал жасалды. Ол автоматты түрде таңғы 7.00-де және түскі 14.00-де панелдерге су сеуіп салқындатып, шанын сүртіп отырады. Бұл энергия өнімділігін 25-30 пайызға дейін сақтауға жол ашады. Сондай-ақ оның қасына ақылды күн трекерін де орнаттым. Ол күніне 2-3 рет қана қосылып, өзіне ыңғайлы, күн сәулесі түскен жаққа қарай бұрылып, бағыт алып отырады. Бұл да электр өнімділігін 50 пайызға дейін арттырады. Нәтижесінде, қазіргі қолданыстағы күн электр стансасы 60 мың үйді электр энергиясымен қамтамасыз ете алса, менің панелім 120 мың үйге электр қуатын таратуға қауқарлы болып тұр. Жуалыдағы күн панелінің біреуін орнатуға шамамен 121 мың теңге қажет болса, менің қалқымалы күн панеліме 250 мың теңгеді қаражат керек. Егер жоба инвестор қаржы салса, небәрі екі жылда шығынын өтеп, табысқа кенеле бастайды. Мұның барлығы жобамда толығымен есептелген, — дейді жас ғалым.

Тағы бір айта кетерлігі, Қанаттың суға орнатқан панелдері су қоймаларын эвтрофикациядан, яғни булану мен балдырлардың өсіп кетуінен қорғайтын жүйеге де ие. Бір сөзбен айтқанда, қалқымалы күн қондырғылары электр энергиясын өндіріп ғана қоймай, экологиялық қауіпсіздікті де қамтамасыз ете алады.

Байқап тұрсаңыздар, талабы таудай жастың жобалары таңғалдырады. Енді тек, бұл жобаларға жан бітіру үшін инвестор қажет. Егер еліміздің қалталы азаматтары осындай тың жобаларға қаржылай қолдау білдірсе, Қанаттай жас дарындар Қазақстанның атын әлемге асқатататына бек сенімдіміз.

NUR MEDIA
МЕДИЯ ХОЛДИНГІ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы

Ванн ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН»
ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102

Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4507

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77

Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 225 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,